

А 2015

3627к

Ерекен  
ҚОРАБАЕВ



ҚАРА КҮЩІК

Үетимнэ  
ака дееднэ  
киман хака  
форона аһеаһееннэ  
асмур: А. Крарайт -  
17.09.2015 аумт.



0184770612

Ерекен ҚОРАБАЕВ

# ҚАРА КҮШІК



Алматы 2008

**ББК 84 Қаз 7-4**

**Қ 66,**

**Қ 66 Қорабаев Ерекен**

**ҚАРА КҮШІК:** *Балаларға арналған әңгімелер.*

*–Алматы, “Нұрлы Әлем” 2008. –112 бет.*

**ISBN 978-601-205-051-6**

**ББК 84 Қаз 7-4**

**Қ  $\frac{4702250201}{00(05)-08}$**

ISBN 978-601-205-051-6

© Қорабаев Е., 2008

*Марқұм анам Жексенғалиқызы  
Балтөре мен інім Мақсаттың  
рухына ескерткіш болсын!*



## АЛҒЫ СӨЗ

Кейінгі бір қонысымыздың бөлектеніп кеткені болмаса, мен Ерекенді бала кезінен танымын. Ақкөңіл, әзіл-қалжыңға бейім болатын. Жасынан көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысқан ол ауыл сахнасында күлдіргі рөлдерді ойнап жүрді. Қазір де оны аудан, облыс сахналарынан, аймақтық «Қазақстан-Ақтау» телеарнасы арқылы көгілдір экраннан жиі көреміз. Ізденімпаз жан, өткен жылы «Маңғыстау эзілдері» деген атпен жинақ кітабы жарық көрді. Кітап жұртшылықтың көңілінен шығып, талай той-думанның берекесіне арқау болды. Адамды бақырайтып қойып, өз кітабына өзін мақтаған жақсы емес, менің негізгі ойым – тек кітап авторының кім екендігінен жұртшылықты хабардар ету. Ал енді мына Ерекеннің баспаға ұсынып отырған «Қара күшік» әңгімелер жинағы балаларға арналған екен. Балаларға арнап шығарма жазу кез келген жазушының пешенесіне



жазылмайтын нәрсе. Алайда, балалар жазушысын құдайдын өзі таңдайды, ол соған бейімделіп туады. «Қара күшік» кітабындағы қай тақырыпты алсақ та, балалық психология, бала тілі, баланың ойы-қимылы қазақы салт-дәстүр үрдісімен біте қайнасып, өзара үйлесім тауып «кірігіп» жатады. Кітаптағы қай тақырыпты алсақ та, бала табиғаты, ұлттық тәрбиемен, ұлттық бір бояу нақышпен үндесіп жатады. Қай тақырыпты алсақ та, автор бала көңіліне жақын бір «деталь» тауып алады да, ойын шашыратып алмай, тек сол төңіректі ғана қамтып әсем де, шұрайлы тілмен тақырыбына жан бітіре қояды. Бұл – автордын құдай берген тіл шеберлігі. Кітап үлкенге де, кішіге де түсінікті ортақ әдемі тілмен жазылған, мен соған қуанамын. Балалар үшін жазылған дүние болғандықтан әуелі солар қуансын, ата-аналары да бірге қуансын демекпін.

Сәт сапар Ерекен інім!

***Көмек ЫБЫРАЕВ,  
балалар ақыны, балаларға арналған  
Халықаралық шығармалар жабық бәйгесінің  
жеңімпазы.***



## БІР АУЫЗ СӨЗ

Баласының сырқаты барын жүдеу өңінен Гүлсім әлдеқашан байқаған . Көңілі сергек, ойыннан қалып жатпағасын әлдеқалай болар деп андысын аңдап қазақшылыққа салып жүре берген. Жүре-жүре Жақанның кәдімгі үлкендерше «басым сынып барады» – деуі жиілей берді. Кей күндері ішкен асын кері қайтаратынды шығарды. Гүлсім: «Қой, бала ішегін сүйретіп ойнайды деуші еді, дәрігерге көрсетпесе болмас» – деп шешті.

Көзі жәудіреп маңындағыларға селсоқ назарын сала қарап Жақан бала ауыл ауруханасының дәлізінде тұр. Маңындағылардың сөйлеп, күлгені қатты әсер етіп, жанын жегідей жеуде. Дәрігер «Балаңыздың басына қандай да болмасын қатты соққы тиген, қалаға апармасаңыз болмайды», – деп Гүлсімді шығарып салды. Бар болғаны төртіншіде оқитын, нәті жуас ұлының біреумен сөзге келіп, төбелесіп шатаسقанын естіген емес. Бұдан бір-екі апта бұрын мектепте еден жуушы көрші Сағила «Жақан сүрініп, мектептің жоғарғы қабатынан көтерілетін сатыдан құлап қалды, ұшықтап жібердім» деген. Сағилаға

сау болсын айтып, бір қорап шайын берген. «Жағаласпайтын, құламайтын бала бар ма, тәйірі» деп ойлаған Гүлсім көп мән бермеген. Өне анау бүкіл мектепті шулатып жүрген қиық құлақ тентек Тұрғали қуыспақ ойнап жүріп, мектептің екінші қабатынан секірген. Секіргенде де үлкен есеппен әрине, төменде өсіп тұрған теректі сындырамындыра дін аман түсіп, ойынын жалғастыра берген. Сол оқиға мұғалімдер отырысында қарайған әңгіме болған. «Япырмай, жазған бала қалай аман қалды, бір жеріне зақым болмады ма екен» деп Тұрғалиды есіркеп жатқан жан болмады. Әңгіме мектеп ауласына көрік беріп тұрған теректің бұтақтарының сынып-бүлінгені турасында болған. Сан жөнінде нешінші екенін құдай білсін, «ендігәрі қайталамаймын», – деп Тұрғали «ең соңғы» уәдесін беріп құтылған, қайдам, әр пенденің маңдайына жазылған бейнеті шығар. Гүлсім жабырқау еріп келе жатырған ұлына мүсіркей қарады. Шешесінің алай-дүлей жан дүниесін бет әлпетінен сезіп білген Жақан, сәл болса да көңілі бірленсін деді ме, оған қарап зорлана жымыды.

Әкесі, шешесі үшеуі қалаға қатынайтын тайтақтаған шағын көлікпен жолға шықты. Ауылдың қайбір оңған жолы болушы еді, қашан тас жолға шыққанша, Жақанның басы зіркілдеп, тынышы кетті. Аспанды зіл қара бұлт торлап, күздің сұрқай қоңыр күні көңілін онан әрі жабырқатып жіберді. Алыс болсын, жақын болсын, жол жүрер болса, алып ұшатын балалық болмыс дәл қазір еш нәрсеге селт етер емес.



«Балаңыздың сырқаты бар секілді, операциясыз болмайды» – деп, мосқалдау, мұртты бала дәрігері кесіп айтты. Әкесі шылымын үсті-үстіне сорып, үнсіз қалды, Гүлсімнің көзінен жасы еріксіз ыршып шықты.

Жазмыштан озмыш жоқ, тағдырының салғанына көніп, шыбын жанына араша іздеп келген шынашақтай Жақан, мейірбике ертіп келген бөлмеге енгенде көргені өзі шамалас бастары дәкемен таңылған бір орыс, екі қазақ баласы болды. Үшеуі



де төсектерінде үнсіз жатыр. Сәлден соң қайта оралған дәрігер қыз мұның киімін ауыстырып, аурухана төсегіне жайғастырды. «Қайда екен, әлде кетіп қалды ма екен», – деп ойлап терезеден үңілгенде іркесіп-тіркесіп аурухана ауласынан шығып бара жатқан әке-шешесін көрді. Оларды көзімен ұзатып салған ол төсегіне келіп отырды. Екі күн бойы дәрігерлер бұған жиі-жиі келіп, әлдеқандай дәрілер беріп, бірнеше рет укол салып кетіп жүрді. Биік тұғырға орнатылған шыныдан мұның талдырмаш денесіне сарғыш түсті сұйықты, қуыс жіңішке жіппен құюмен болды. Үшінші күні әке-шешесі ертелетіп келді. Гүлсім баласын аурухананың жуынатын бөлмесіне апарып шомылдырып, әкесі айнадай етіп шашын алды. Күндегідей емес дәрігерлер әлденеге мазасызданып, сабылып әрлі-берлі жүгірумен болды. Олардың әрбір қимылын жабырқау ғана бақылаған бала жаратушының үкімін күтіп төсегінде үнсіз отыр. Дәрігер «Дер кезінде келіпсіз, жүрегі жақсы, енді кідіртуге болмайды» деп операция күнін бүгінге белгілеген. Жеделдете кірген екі дәрігер мұны жетелеп операция бөлмесіне ертіп келіп, операция үстеліне жатқызды. Көзі боталап, жасқа толы Гүлсім «Құлыным, аталарыңа тапсырдым» деп ұлының бетінен сүйіп, маңдайынан иіскеді. Жақан кірпіктерін баяу ғана қағып шешесіне басын изеді. Буындары ұстамай құлап кете жаздап тұрған Гүлсімді мейірбике қыз сүйемелдей бөлмеден шыға «Жаман ырым бастамаңыз, бұл біздің



жасағалы тұрған бірінші не соңғы операциямыз емес, балаңыздың организмі жас, әлі-ақ жақсы болып кетеді» деп жұбатты. Бөлмеде жалғыз қалған бала жан-жағына, төбесінен самсап тұрған сансыз шамдарға көз салып үнсіз жатыр. Тыныштық ұзаққа созылмады, әлден уақытта дәкемен аузы-басын тұмшалап алған бірнеше дәрігер бөлмеге енді. Егде дәрігерді Жақан көзінен таныды. Білінер-білінбес жүріспен жанына келген дәрігер қыз, белдікпен мұны бірнеше жерден тартып таңып, жұп-жұмсақ қолдарымен қарына укол салып, иісі ашқылтым бір нәрсені тұмсығына иіскетті. Әлгіні иіскеу мұң екен, еріксіз қатты ұйқы қысып, маужырай бастады. Кенет дәрігерлер бірте-бірте елеске айналып, көз алдынан ғайып болды. Ұсақ-түйек болмашыға елең ете қоймайтын, мінезі ауыр күйеуінің жанында Гүлсім үнсіз отыр. Жалпы құдай қосқан қосағына риза. Тіршіліктің қуанышы бар, қайғысы бар, ауырлы-жеңілді салар салмағы бар, күйеуінің жарқылдай қуанып, не жүнжіп, мүжіліп қайғырғанын көрген емес. «Құдай берген адам» деп ойлады Гүлсім. Анау жоқ-ау, мынау жетпей жатыр-ау, анада бар, бізде жоқ деген күншілдік пиғыл, күйеуінің түйсігінен сызылып тасталған. Сондықтан бәрін шешетін, бәрін ыңғайластыратын Гүлсім, яғни тізгін соның қолында. Содан болар әлдеқалай ренжігенде «Осы үйдің еркегі де, әйелі де мен» деп айтатыны бар. Сөйткен күйеуі (ішінен жесе жеп жатырған болар) сол томырық қалпы. Әлдебір тетігін қозғағанда, бұлдырап тұрып-тұрып, бірте-бірте мөлдіретіп



көрсететін кино қондырғы тәрізді, есін жиып көзін ашқанда көргені шешесі және екі дәрігер. Кешкісін жатып ертеңгісін тұрғандай әсерде болды. Қанша уақыт осылай жатты, дәрігерлер не жасады, оның бірін де сезген жоқ. Шұбатылған шетел киноларындай ұзын-сонар басы-аяғы жоқ түс көрді. Өң мен түстің арасында жатырған бұған шешесінің «Құлыным» дегені ғана есін жиғызды. Басына зілдей қорғасын құйып тастағандай. Мойнын бұрып жан-жағына қарауға дәрмені жетпеген бала тек көз қиығын салды. Ерні тобарсып, қатты шөліккеп жатқанын сезіп, алғаш айтқан сөзі «су» ғана болды. Сол сөзді айтуы мұң екен, жанында тұрған дәрігерлер құшақтасып арқа-жарқа болды да қалды. Әрі күліп, әрі жылап оларға шешесі қосылды.

Быламыққа сынатын тіс сықылды мектеп сатысынан аяғын шалыс басып құлағаны Жақан үшін бірнеше күнге созылған жан азабына әкеліп соқты. Енді міне, шешесінің арғы сарайына жетер- жетпес қылып шай қасықпен тамызған суын, әзер біліп жатырғаны. Тұғырға орнатылған шыны құтының бірнешесі ауыстырылды, қандай құдіреттің барын қайдам, шыны құтыны ауыстырған сайын, бойына бір қуатты күш қосылғандай әсерде қалады.

Сау кезінде Жақан мұндай көп ұйықтап көрмеген шығар. Күні бойғы ойыннан дінкелеп келіп, кешкі асын ішіп болар-болмастан құлап, таң қылаң бере тауықпен бірге оянатын ауыл баласы күндіз жатып ұйықтау былай тұрсын, үйде отыруды білген емес. Ал, қазір тек бір ұйқы бойын алып бара жатырған.



Ауылдан шыққалы ішкені бойына сіңбей, бір жағы жанын жегідей жеген уайым, сабылысқан жүрістен шаршаған Гүлсім баласының беті бері қарағанын біліп, өткен түні тұяқ серіппестен қатты ұйықтады. Ертеңгісін күйеуі екеуі баласы жатқан бөлмеге енгенде баласымен бөлмелес үш баламен төртінші боп төсегінде ербиіп отырған Жақанды көрді. «Өй, айналайын», – деді әкесі күректтей алақанымен баласының арық тарамыс қолдарын иіскеп жатып. Әкесінің темекі иісі сіңіп көптен қырылмаған бетіне бетін тақады. Ебедейсіз денесімен қорбаңдап баласына еміреніп жатқан әкеге Гүлсім де іш-бауыры езіле қарады. Егде дәрігер: «Балаңыз өте ауыр операциядан шықты, әлі көп күтінуді қажет етеді, мұндай күрделі операциядан соң көп жағдайда баланың ақыл-есінде кемістік пайда болады, әзірге сіздің балаңызда ондай белгі көрінбейді, бұл сирек жағдай», – деді. Гүлсімнің булығып жылап тұрып бірнеше рет «Рақмет, Рақмет» дегеннен басқа сөз тіліне оралмады. «Шамаларың келсе әбден айығып кеткенше, көп ренжітпеуге тырысың, әзірше бала бізде бола тұрады», – дегенді қоса айтты. «Ағай, мынау еңбегіңізге» деп түйіп жүрген түйіншегін жасқана ұсынды. Егде дәрігердің жүзі күреңітіп сала берді. «Мұныңыз не, тіптен ұят болды ғой. Мен шырағым, дәрігерлік ант берген адаммын. Бір баланы ажалдан алып қалып, қатарына қосқанымның өзі менің жарты ғұмырыма азық» деді өңінде шын күйзелгендік байкалып. Гүлсім катты қысылды.




Басына бұрын-соңды мұндай іс түсіп көрмеген ол әлдекімдердің айтқан жел сөзіне еріп, ағаттық жасағанына өкінді.

Арада бірнеше күн өтті. Жанындағы серіктерінің бәрі айығып үйді-үйіне әке-шешелері алып кетті. Олардың әрқайсысымен Жақан балалық шын көңілмен қимай қоштасты. Мұның бетінен сүйіп тұрып, баласын әкетуге келген орыс келіншек «Нуждигит, держись, сто лет будешь жить» деді баласының құлақ радиосын бұған беріп жатып. Жақан жүрегі жиі-жиі соғып қатты қуанды. Әлгі келіншекпен жанындағы бұған күлімсірей қарап тұрған шикіл сарыға «ыспасибаның» қалай аузынан шығып кеткенін байқамай қалды. Жақан көп жалғызсырап жарытқан жоқ, мұны ауруханадан шығарарға дейінгі он шақты күн ішінде, ит қапқаны бар, велосипедтен құлағаны бар, талайлармен дәмдес болды. Қалада бір қызығы баласының бір жерін оқыс сәл жырып кетсе де, дәрігерге алып жетеді екен. Ондай жағдайда да Жақандар ауылда жарасына құмды сеуіп жіберіп жүре берер еді. Бүгін таңертеңгілік тексеруден соң, кезекші дәрігер қыз мұны жетелеп, әр бөлмеге бір кіргізіп, тексерісі сан түрлі дәрігерлік байқаудан өткізді. Бірі есту қабілетін, енді бірі көру, есте сақтау тағысын тағылар. Дәрігерлер баланың денсаулығы қалыпты жағдайда деген қорытындыға келеді. Белі қатпай жатып, тірліктің бағасын, өмірдің қымбаттығын ерте түсінген Жақан азғана күн көрген азабы көрген түстей болып шешесі екеуі





ауылға қайтып келеді. Екеуінің де көңілі көтеріңкі. Жақанның айқайлап ән шырқағысы келеді. Бірақ жұрттан ұялады. Табиғаты қатал дегенімен, Жақан баланың көңіл күйіне қарайласып туған жердің күзі де жаз күніндей маужырай қалған. Жақан аурухананы, орыс келіншектің «жүз жасайсың» деген сөзін тағы есіне алды. Сөз қадірін білетін жасқа жетпесе де шын жүректен айтылған бір ауыз сөз бала көңіліне мәңгі ұялап қалды. Байбақты мұғалім «Қанша ренжісеңдер де бір-біріңе ауыр сөз айтпаң, бір ауыз сөз жақсы айтылса, бүткіл



өміріңе жетеді, ал керісінше болса, түбіңе жетеді»,  
– деуші еді. «Соны ағай қайдан білді» деп ойлады  
Жақан.



## БҮРКІТТІҢ ҰЯСЫ


«Алқамның Алматыда оқитын үлкен ұлы Кәрім, оқуын бітіріп, сол жақтан қыз алып келеді екен», – деген хабар кішкентай ауылға таралғалы, міне, бір айдың жүзі болып қалды. Хабаршы Кәрімнің өзі. «Апа, мен ержеткелі құлағымның етін жеп жүрген арманың орындалғалы отыр», – деп бастапты үшбу хатын. Онан соң, үйлену ойы бар екенін, болашақ келіндерінің Алтай өңірінің қызы екендігін хабардар етіпті. Жазғытұры жаз жайлауға, күз түсе жылы ойға құлатып, өмірі мал бағумен өтіп, Үстірттің жазығынан әрі аспаған Алқам шалға, Алтайдың аты таныс болғанымен, ұлан-ғайыр қазақ жерінің қай тұсында екені беймәлім. Жас кезінде әнші Жамалдың: «Өр Алтай, асқар Алтай, асқан Алтай» деп шырқағанын талай тамсанып тыңдаған. Сол ән есіне түскен Алқам, әннің сөзіне қарағанда таулы жер-ау деп топшылады.

Ауылдың аты – ауыл. Ана шетінде тұрып айтып кеткеніңді, көшенің келесі шетінен лезде қайта естисің. Маңызды қызметтің құлағын ұстап тұрғандай үнемі қапылып жүретін, әкімнің кеңсесін



сыпырушы Тойдықтың Алқам шалдың үйінен түстеніп кетуі мұң екен, ауылда: «Ойбай, Кәрімнің алғалы жатырғаны, Алтайдың арғы бетінен келген қытай қыз екен» деген хабар ауылда бұрқ ете қалды.

Мектептен оралған Алқамның кіші ұлы Сәтім үйге ене бере әкесі мен шешесінің қабақтарынан бір жабырқаулықты сезді. Қолын жуып, түскі асын ішуге әкесінің жанына жайғасып отыра бергенде, аққұманын демдеп жатқан шешесі: «Ана ағаңның әкелгелі жатырғаны қытай қызы дейді. Шұршіттен қатын алып, бақа баптап, қоңыз қуырып отыратын болдық, бәсе, бұл не қылған батпан құйрық деп едім-ау, – деп балпылдап жылап алып, жаулығының ұшымен көзінің жасын сүртті. Алқамның да іші әлем-жәлем, көзін бір нүктеге қадаған күйі ыстық



шайды үнсіз сораптап отыр. Мезгілінен қалса шайға басы ауыратыны бар, амалсыздан ішіп отыр, шайнама тамаққа зауқы шамалы. «Өй, сол ма», – деді жүрегін басып, сабасына түскен Сәтім асқа қолын созып жатып. «Намыссыз неменің сөзін қарашы», – деді шешесі баласына ала көзімен қарап, «бар, сен енді кәріс қатын алып кел, отырайық иттің омыртқасын мүжіп, бұл үйге енді жетпегені сол еді», – деп Сәтімді біраз тұқырып тастады. «Мотор жөндеуші Төлен ағам әскерден қайтқанда, Украинадан алып келген Люся жеңешемді бәрің «орыс-орыс» деп шулап едіндер, Люся қазір кімнен кем», – деп Сәтім күйіп-пісті. Баласының айтып отырғанының жаны бар. Бір ауыз қазақша білмейтін көзі тұздай, пісте мұрын Люся, қазаққа тез сіңісіп кеткен. Оқуы-тоқуы бар ауыл қазақтары орысша білетіндіктерін Люся арқылы орысша шүлдірлеп көрсетіп жататын. Оқығандардан қалысқысы келмей, өздерінің әрпіл-тәрпіл орысшаларымен шала сойылып жататындар да табылды. Сөйткен Люся келін қазақшаны мақалдап айтып, ауызды-ауызды деген абысындарын сүріндіретін халге жетті. Шаштары мен көздері қап-қара, сүйкімді балаларды бірінен соң бірін дүниеге әкеліп, алпыс құлаш алашаны алты күнде тоқып, ауылдың рекордын жаңартты.

Алқам шал кенжесінің басынан сипап, маңдайынан иіскеді. «Басқа салғанды көрерміз, өзіне ұнап жарасып кетсе, дос-дұшпанға таба қылмаса жарар», – деп күрсіне орнынан тұрып



кетті. Осы күн­гі­нің жас­тары өз­дері – күйеу, өз­дері құ­да. Марқұм әкесі қожанасырлау аңғал кісі еді. «Сәдірбайда бір жайнап тұрған қыз бар екен», – деп, әй-шайға қарамастан құ­да түсіп, қазіргі кемпірі Сәнімді алып берген. Ұнату, ұнатпау жөнінде әңгіме де болған жоқ. Кең етек­ті­нің маңынан жүріп көрмеген Алқамның әкесіне риза болып, ыржалақтап күлгеннен басқа ла­жы болмаған. Баласының ниетін өзгертуге амалы жоқ пұшайман болған шал той қамына кірісті. Әркімдерге қосып қойған уақ малдарын қолына алды. Ұлына телефон шалдырып, той күнін белгіледі. Қырық күн шілдеге қалып, тойға деп жиып-тергендері рәсуа бол­масын деген оймен мамыр айының соңғы он күндігіне ме­желеді.

Тойдың болғанынан боладысы қызық, елден ерек болмай, жұрт қатарлы тойын жасады. Алыс-жақын туыстар түгелдей дерлік жиылды. Алдына бір қойы мен күйеуін салып, көрші ауылдағы тұрмыстағы қызы той басталардан төрт-бес күн бұрын келді.

Маңдайы жазық, ақ қағаздай үлбіреген, көздері мойылдай қап-қара, әп-әсем, басқан ізі білінбейтін инабатты келінді көргендердің қытай қыз туралы алып-қашты әңгімелері сап тыйылды.

Той өткен күннің ертеңіне таң бозара Алқам шал түндіктің ашылған сырылынан оянды. Кемпірі дейін десе тойдың сабылысқанынан әбден шаршаған ол, үстінен түйе жүріп өтсе де елер түрі жоқ, пысылдап бейқам ұйықтап жатыр. Жалма-жан шапанын жамылып тысқа шықты. Мұны көзі шалған



келіні екі қолын кеудесіне қойып әсем иіліп сәлем етті. Ауылдың келіндеріндей немкеттілеу бір жақ иықтарын қиқаң еткізіп, сәлем ете салған жоқ, оның үстіне биязы ғана: «жақсы демалдыңыз ба?» – деді. Тамағы құрғап және көптен мынадай ілтипат көрмей абдырап қалған шал: «Бақытты бол, шүкір» – деуге тілі зорға келді. Келіннің аты Нұрлыгүл еді. Сол Нұрлыгүлмен бірге бұл үйге өзгеше бір нұр келді, шаттық келді. Әсіресе Сәтімнің қуанышында шек жоқ. Ағасы Кәрім Сәтімдей емес, тұйықтау. Жас келіншегімен арақатынасы кәдімгідей, жаңа үйленгендердей еліріп желпінудің бірі жоқ. Екеуі бірін-бірі көз қарастарынан түсінетін секілді. Бұдан бірер жыл бұрын көршінің баласы Талап үйленіп, бұлар қазақи дәстүр бойынша келінге есік көрсету рәсімін жасаған. Әлі желігі басылмаған есер Талап, шай үстінде келіншегін иықтап, құлағына әлденелерді сыбырлап, дарақы-дарақы тарқылдап күліп, ерсі-ерсі қылықтар көрсеткен. Талап емес, оның бұл қылығына дастарқан басындағылар өздерінен-өздері қысылып, ыңғайсыз жағдайға қалған. Тіпті болмаған соң Алқам қаттырақ жөтіркеніп: «Әй, Талап, тыныш отыр, келін шайын ішсін», – деп әзер тоқтатқан. Ақпа құлаққа айттың не, айтпадың не, арада бір сәтке қана тыйылып, сәлден соң есер Талап бастағы тірлігіне қайта басып, екі езуі екі құлағында отырғанын көрер едің. Кәрімде мұндай оспадарлықтың бірі жоқ. Есті ұл беріп оған Нұрлыгүлдей есті келінді жолықтырған жаратқанға



кемпір мен шал «шүкірі» мен «тәубасын» сан рет қайталады. Тойға уақытында келе алмай қалғандары бар, бірен-саран құтты болсын айтушы ауыл ішінің көз көргендері бар, той өткенсін де біраз шаруалар атқарылды. Күннің ыстығы қайтып кешкі шайларын ішіп бола бергенде Алқам шал сөз бастады. Ол: «Ендігі бір маңызды міндет – құдамен араласу. Алар адамымызды алдық деп тым-тырыс жатып алғанымыздың келісі болмас», – деді отырғандарды көзімен бір шолып өтіп. Кәрім мен Нұрлыгүлге мойнын бұрып: «Құдаларды бүгін шақырып, ертеңіне шұбырып өзіміз бара салуға жер шалғай, сондықтан мына шешен екеуіміз сендерді ертіп біржолата құданың алдынан өтіп келсек деген ұйғарымға келіп отырмыз». Іле-шала кемпірі қостай жөнелді: «Ия, құдай қаласа ағайын-туыс болып жатармыз, сынайтын неміз бар, – деп бір тоқтады. Нұрлыгүл келін қуаныштан жарыла жаздады, онысын қанша жасырғанымен алабұртқан реңі айтып тұрған. Өздеріне қарасты бес-алты ағайынға, осы қалай деген көңілі татуларға айтып жүрер күнді белгіледі. Опырыла жүре беруге Алтай қайда, біреу қайда, бірақ барсын-бармасын ағайынға құлаққағыс ету міндет, буынып-түйініп үнсіз кете берудің тағы қисыны жоқ. Олай еткен күнде ағайынның өкпесі қара қазандай болып, өмір бойы Алқамның артына шырақ алып түсері бесенеден белгілі. Арада жарты ғасырға жуық уақыт өтсе де Алқамға жеңге болып келетін сексеннің сеңгіріне шыққан Бөпіш кемпір: «Алыс-жақынды





білмейтін бозымбай неме, қатыныңның қолтығын маған сүйетпедін», – деп көңілінің кіреукесін күні бүгінге дейін некен-саяқ сездіріп қояды. Жеме-жемге келіп, жолға жүруге жиналғанда кемпірі мен өзі, бала-келіні, қыз-күйеуі: Алтайды көремін деп күндіз күлкіден, түнде ұйқысынан айырылған Сәтім ғана болып шықты. Сопайып жалғыз баруға ыңғайсызданған Кәрім сөйлесе сөз білетін, аты өңірге белгілі әнші Әсетті еріп жүруге эзер көндірді.

Төртінші күні өтіп, бесінші күні қонаға арып-ашқан бұлар құданың ауласына көлік басын тіреді. Орыс, қазағы аралас шағын ғана ауыл екен. Бастарын мәңгі қар басқан өр Алтайды көргенде, жұпар иісі аңқыған сан түрлі шөптің иісі мен саф таза ауаны жұтқанда, кемпір мен шал жол соғып шаршағандарын ұмытып кетті. Биік-биік жоталарды көргенде Сәтімге өзінің Қаратауы жай ғана қырат болып елестеді. Нұрлыгүлдің әкешесі әзір тұғырдан түсіп тұрған жандар емес екен. Әкесінің өзі Алқамнан недәуір жас көрінді. Құдағай мандайы кере қарыс жарқыраған, сұнғақ бойлы, көрікті, салмақты әйел екен. Құшақтасып көріскенде Алқамның томашадай кемпірі, құдағайының құшағынан көрінбей қалды. – Бәсе, Нұрлыгүлдей келінім анау-мынау салпыетектен тумаса керек-ті», – деп іштей бір желпініп қалды шал. Құдалары төрт ағайынды, өздерінің маңдай терлерімен күнелтіп отырған, орташа дәулеттері бар, карапайым жандар екен. Құдағай алты құрсақ



көтерген. Төрт ұл, екі қыз, екі қыздың бірі – Нұрлыгүл келіні. Шама- шарықтарына қарай құрметтерін көрсетті. Балалары орысшаға бейімдеу болғанымен, отбасы қазақ салтын берік ұстаныпты. Құда саятшы, аздап домбыра шертетіні бар, көңілді, ақжарқын адам екен, бұлардың көңіл-күйін бір түсірген жоқ. Әсіресе, құс салу жайлы, басқа да аңшылықтағы хикаяларын, тігісін жатқыза айтқанда бір жалықтырмады. Кейбір аңшылардай реті келгенде өтірікті қыстырып, шынды жындай қылып отырғаны байқалмайды. Жасы өзімен шамалас, Нұрлыгүлдің інісімен бой жазуға шыққан Сәтім, тұғырда көздері от шашып тұрған қос бүркітті көргенде, аузы ашылып, аңтарылып қалды. Көкте ұшып жүргенде болмаса, бүркіт баласын жақыннан көріп тұрғаны осы. Бір жақ қанатын жайып салып тұрған қос бүркіттің бірін құда бала «Қасқырға түсемін деп бір қанатын шайнатып алған жарасы әлі бітпеген» деп түсіндірді. Басқа дүниенің бәрін ұмытып Сәтімнің есіл-дерті қос бүркіт болды. Бүркіт ұясын адам баспас құздарға салатынын Сәтім біледі, оның балапандарын қалай алу, қайтіп бағу, қалай баулу – бұл үшін жұмбақ әлем. Сөз арасында құдадан сұрап көрген. «Е, ол оңай шаруа емес», – деп бастады әңгімесін Нұрлыгүлдің әкесі. Арғы бабаларынан атадан балаға жалғасып келе жатқан кәсіп екендігін, өзінің балапан үшін талай ажалдан қалғанын, саятшылықты бір бастап машықтанса, тастауы қиын өнер екендігін айта келе, балаларының



атакәсіпті жалғастыруға онша құлықтары жоқ-ау деген күдігін жасырмады. Құданың ағайындары бұларды бірінен соң бірі шақырып қонақ қылды. Сәтімге салса, қанша күн жатса да көптік етпес еді. Тау басынан бастау алып мөлдіреп аққан өзеншелер, бүлдірген дейсің бе, сүмелектеніп тұрған қарақат дейсің бе, дәмі тіл үйіріп, ішпей-жемей тойдырар сан алуан жеміс-жидек неткен шексіз байлық десеңші?!

Кезекті бір қонақтықтан оралғанда кемпірі оңашалықты пайдаланып: «Құдаларымызды көрдік, білдік, қанша дегенмен сыйлы жер шалжиып жатып алғанымыз келіспес», – деп шалына елге қайту жөнінде емеурін білдірді. Барлығы жиналып, түстік ішіліп, жақын-жегжаттың әңгімелері айтылып, қызмет бұйым сұрасып, Алтайлық құдалар бұларды жолға шығарып салуды ұйғарды. Нұрлыгүлдің шешесі: «Шыққан қыз шиден тысқары» десе де, мен Нұрлыгүлімді біреуге көруге берер ме едім, жатжұрттық қыздың маңдайына жазылған, менің оған қарсы тұрар қауқарым жоқ, құдағай, қызым әуелі Құдайға, қала берді сізге аманат, – деп көзіне жас алып, онысын тез тыйып ала қойды. Қызы жыламай көңілі көтеріңкі кетсін деп ойлаған болу керек, әкесі: «Мына тұрған Маңғыстау ғой, күзге салым егін орағы бітісімен біз де барып қайтармыз, – деп аржайы күліп, қыз-күйеуінің маңдайынан сүйді. Қанша көрсетпеймін деп тұрса да, Нұрлыгүл боталап тұрған жанарындағы жасты ірке алмады.

Барған ізімен қайтқан бұлар, шаршап-шалдығып,



кенезесі кепкен сары далаға оралды-ау әйтеуір. Алқам шал үстінен ауыр жүк түскендей жеңілдеп қалды. «Біз енді кейін кетпесек, ілгері жүріп болдық, жаманды-жақсылы дәуірді бастан кешірдік. Сәтімжан, енді пойызға отырғызып бізді сартылдатпа, бір шүйкебас елден де табылар», – деп жол соққан кемпір шынын айтты. «Өй, оған әлі көп бар ғой», – деп енді алтыншыға баратын Сәтім қызарақтап қалды. Шаруа бірыңғайланып өзді-өздеріне келіп, кәнігі тірліктеріне көшті. Тек Сәтімнің басын құс туралы ой жиі мазалай берді. Ех, шіркін, Алтайдың қос қыранындай қыран мұның ауласында тұрса деп бала қиялмен кейде шарықтап кететін. Жаздың лебі қайтып, қыркүйек келіп, жаңа оқу жылы басталды. Оқу басталғанға дейінгі аралықта бүркіттің ұясын іздеп, бірнеше рет бос діңкесі құрып, тауы шағылып оралды. Әке-шешесі зар қақсап ұрысса да құлағына ілмеді. Қайткен күнде де бүркіттің ұясын таппай тыншыр емес. Есілдерті Қаратау жоталары. Балағының алған бетінен қайтпасын сезген шешесі: қырсық неме далада қарны ашып қалар деп, су-суанын, азын-аулақ дәмін дорбасына салып жатар еді. Демалыс келісімен, елең-алаңда тұрып, таңғы асын апыл-ғұпыл ішіп, қия жолмен тауға өрлеп бара жатырған Сәтімді көрер едің. Сөйтіп, сабылғанына міне, екі айдың жүзі болып қалды. Талай рет жер соғып алданып қалғаны бар, қыран дегені жай ғана қарақұс болып шығып. Құрбылары бар, нағашылы-жиенді әзілдейтіндері бар «Сәтімнің бүркіт деп ұстағаны қарға болып

шығыпты» деген әжуа әңгіме ел арасына әлдеқашан тарап кеткен. Орталықтан 40-50 шақырымдай, өндіріске апаратын тас жолды кесіп өткендегі мұнартып тұрған тауды «Бөлектау» деседі. Сол тауда арқарың болсын, қыраның болсын жыртылып-айырылады дегенді әке-шешесі, жылқы бағатын Байбақты талай айтқан. Бөлектауға бару үшін көлік керек, ол жөнінен Сәтімнің қолы қысқа. Көлік табылған күннің өзінде оған жанармай табу одан өткен азап. Ендігі арманы «Бөлектау» болды. Көз ілінсе болды, көз алдына мұнартып Бөлектау келер еді. Баласының күн жаумай жаурап жүргені шешесіне қатты батты. Мына әумесерді Алтайға бекер ертіп барған екенбіз, даланың аң мен құсына бола құса болуға айналды бұл деді өңінде уайымның нышаны бар шешесі. Жақын маңда бүркіт түгілі жапалақ та жоқ, елді мекенге жақын жерге ұя салып бүркіт жынды емес, мейлі өзінен-өзі торығып қояр, – деді әкесі. Мизамның бітуіне санаулы күндер қалды. Қарашаның алғашқы онкүндігі – күзгі оқу демалысы. Сәтім: Каникулда Байбақтының ауылына барып, қорақопсысына көмектесіп келейін – деп өтініш қылды. Сөз арасында бұны ойлап тапқан өзі емес. Байбақтының тілегі екендігін айтты. Екеуі бір мезгіл жылқыға баскөз болса, жылқы ауылға көп тыныс болар еді. Өздерімен рулас Байбақтының әкесі Өтежанға Алқам шал: Тойға жарататын бестімнің тұрпаты ірі көрінгенмен, сараласы болмайды-ау деп шамалап отырмын – деген той қарсаңында. Өзім дегенге қолын кесіп беретін ақкөңіл Өтежан, әр үйірге бір шауып,



біресе ойға, бірде қыр асып жоғалып, жылқы ауылдың бас ауруына айналып құтырып жүрген торыайғырды қың деместен Алқамның көкбестісіне айырбастай салған. Тойыңа шашу есебінде атай салуға болар еді, қазынаның малы, ініңнің дәулетінің шамасын өзің білесің, – деп қолының қысқалығын жабырқап айтқан. Әй, Өтежан осы сөзіңнің өзі жетіп жатыр, арғы түбі аталас екенінді білдірдің, – деген Алқам шын риза болып. «Тақымдарыңа ат тигесін естерің шығып, шаруаларына кеселдерің тиіп жүрмесін». – Бұл шешесінің тапсырмасы. Сәтім ондай баланың санатынан емес. Оның көңілінің түпкірінде Бөлектау мен бүркіт жатқанын әке-шешесі сезбеді. Қалаға қатынайтын автобустан жолай түсіп қалып, 7-8 шақырымдай жаяулап екеуі түс ауа жылқы ауылға келді. Жылқы есті мал, көп күй талғамайды, қойша еріп жүріп бағуды қажет етпейді. Өтежан күн аралап үйірлерді түгендеп қайтады. Екі балаға бастан асып жатқан шаруа шамалы, тіпті жоқтың қасы. Екі күн өтіп, үшінші күні Сәтім үй маңының ұсақ шаруаларын жайлап болып, үйге жарық беретін шағын моторды бұтарлап жатқан Өтежанға жақындап жүрексіне: Өтежан аға, менің Бөлектауға баруым керек еді, аттың реті болмас па екен, – деп күмілжи сұрады. Өтежан май-май қолдарын сүрте отырып, танданған кейіппен: «Бөлектауда не жоғалттың», – деді. Сәтімнің шындықты айтуына тура келді.

Бөлектауда бүркіт ұя салды дегенді естіп едім, соны көргім келеді, – деп турасына көшті. Жылқы тектес Өтежан жалған айтқанды жаны сүймейді. Сәтімнің ағынан жарылғанына шын риза болды.



Бұратала түскі асыңды ішіп ал, сонысын барарсын. күн қысқа, онша түнге қалма, – деген Өтежан баланың қолқасын, болмашы нәрсеге бар болмысымен берілетін, әншейін бір балалық қызығушылыққа сайды. Анау-мынауға елең ете қоймайтын Байбақты, тауға баруға елп ете қалмады. Үй арасына мініліп жүрген, күреңді ерттеп мініп. Сәтімнің өзі жолға шықты. Көзге мұңдалап тұрғанмен Бөлектауға ет асым мезгілде жақын келді. Бір жағы теңіздің терістік жағасына сұғына, биік-биік құздары қолмен қойғандай сорайып, Бөлектау мұнарланып мүлгіп тұр. Сәтім терең шатқалды бойлай таудың түкпіріне қарай бастайтын жалғыз аяқ жолмен жан-жағына жіті көз тастап келеді. Әр тұстан шілдің қыркылдағаны ғана тыныштықты бұзып тұр. Кенет момын күрең екі құлағын тікірейтіп осқырынды. Сәтім одан (күреңнен) күтпеген тіршіліктің нышанын байқады. Жуастан жуан шығып түсіріп кетер деген оймен әп-сәтте тізгінді тартып ала қойды. Сөйткенше болған жоқ, қарсы беткейден тасыр-тұсыр тастар домалай бастады. Биік қойтастың үстінде құдды бір қолдан қойған ескерткіштей сақалы сапсиып арқардын қошқары қасқая қарап тұр. Соңынан ерген бес-алты. ірілі-уақты арқарлар бұған аңтарыла қарап қимылсыз тұр. «Өй, арқар ғой!» – өзінің даусынан өзі шошып кетті. Қапелімде өзі айтты ма, әлде өзге біреуден шықты ма, айыра алмай қалды. Бұдан келіп-кетер қауіптің жоқтығын сезді-ау деймін, тау кожайындары бейқам жүріспен қияға өрлеп кетіп барады. Азғана



уақыттан соң Сәтім де, күрең де өз-өздеріне келді. Биік жоталарға мойнын соза-соза Сәтімнің мойны талды. Құздың көлеңке бетінен еш нәрсені айырып болар емес, кенет күнге беттегі Ақшоқының үстіндегі қара ноқатты байқап қалды. Жалма-жан күреңнің ерінің қанжығасынан бір түспейтін дүрбіге қолын созды. Дәл соның өзі, құдасының ауласынан көргендей алып бүркіт қырағы көздерімен жан-





жағын шолып отыр. Енді бір анықтап қарағанда көргені – бүркіт қонақтап отырған жерден таяқ тастам жердегі оның ұясы. Күреңмен жеделдете аяңдап біршама жақын келіп тағы дүрбі салды. Әлсін-әлсін мойындарын созған орақ тұмсықты қос балапанды анық көрді. Сәтім желе жортып ауылға беттеп келеді. Бүркіт ұясын тапқанымен түрлі ой мазалап келеді. Бүркіт балапанын ала-алады ма, алған күнде де балапанның бабын тауып күту үлкен ыждағаттылықты қажет етеді. Нұрлыгүлдің әкесі: Аспан тағысы қаһарланса неден болса да тайынбайды, – деп ескерткен. Сол есіне түсіп: Қой, балапандардың обалына қалмайын, шеше бүркіт ашуланып жазым етер деп өзіне тоқтау салды. Үйге қайтардан бірер күн бұрын балапандарды тағы бір көріп қайтуға, тауға бет алды. Бұл жолы көп әуреге түспей, таудың ауыл жақ беткейінен тура көтеріліп бүркіт ұя салған құздың дәл үстіне келді. Күренді тұсап тастап, ойында дәнене жоқ құздың ернеуіне жақындағаны сол еді, «Шанқ» еткен мылтық дауысы тауды жаңғыртып жіберді. Қапелімде не болғанын түсінбей қалған Сәтім асыға қимылдап шыннан үңілді. Ұя жым-жылас. Анықтап бір қарағанда көргені, үлкен қойтастың үстінде қанатын жайып қан-қан болып жатырған алып бүркіттің өлігі және таудың тұйығынан шығар жолға беттеп бара жатырған ақ түсті тасбақа мәшине. Асығыс күреңнің тұсауын алып, міне сала қамшы басты. Сатырлатып шауып келеді, көзі еш нәрсені көріп келе жатқан жоқ. Құйындата шауып, тұйықтан шығар ауызға таяп



келгені сол еді, дәл алдынан қарсы жолыққан ақ машина екпінін жеделдете тура бұған қарсы келіп қалды. Жол біреу. Ашуы шегіне жетіп, қаны басына тепкенмен, жалаң қолмен не бітіруші еді, бар көрсеткен қарсылығы қолындағы жыңғыл сапты қамшымен ақ мәшиненің капотын сабалай берді. Мәшине орнынан өкіре қозғалғанда, күрең ат тайқып жолдан шығып кетті. Сол сәтті пайдаланған тасбақа мәшине бар жылдамдығымен заулатып барып тоқтады. Әрі кеткенде жүз қадамдай жерге барып тоқтаған мәшинеден қарғып түскен біреу шыға салысымен Сәтімге бағыттап бірнеше дүркін атып-атып жіберді. Тау қозғалмаса қозғалмайтын күрең жалт бұрылғанда қаперсіз отырған Сәтім аттан ұшып түсті. Қатты құлағаны сондай, дем жетпей біраз жатты. Есін жиып қарағанда көргені – құйындатып бара жатырған ақ мәшине; жүгені жерге сүйретіле бұған үрке қарап тұрған күрең ат болды. Өзінің дәрменсіздігіне ызаланған оның көзінен жас ыршып кетті. Түрі өрт сөндіргендей, қан-сөлсіз оралған Сәтімді көрген Өтежан: Әй, сен балаға не болды, бір нәрседен қатты қорқыпсың ғой, – деп қалбалақтап, оны аттан түсіріп алды. Мән-жайды тыңдап болған ол «Жазған бала-ау қаракшыға қарсы шауып жаныңды бере алмай жүрсің бе, бұл таудың аң мен құсы құзғындарға жем болғалы қашан, өзінді тірі қалдырғанына шүкір», – деп Сәтімді үйге ертіп келді.

Күзгі демалыс мерзімі бітіп, Байбақты мен Сәтім ескі автобуспен орталыққа бағыттап келеді.



Автобус әйнегінен ұшы-қиырсыз далаға көз салған Сәтімнің көз алдына, әркім керегін алып қаныратып кеткен, тоналған үй елестеді. Алдынан қарсы шығып күтіп алған жас жеңгесіне көңілінің кірбінін сездіргісі келмей жымыып қана күлді. Кешкі астарын ішіп болып, Сәтім ертеңгі сабағын шолып, әке-шешесі оны-мұны әңгімелеп, жеңгесі газетке шұқшиып әлденелерді оқып отырған. Кенет теледидардан беріліп жатырған жаңалықтарға көзі түсіп кетті. Хабар жүргізуші «Кеше құқық қорғау орындарының қызметкерлері заңсыз құс аулап, құстарды шетелге өткізушілерді ұстап, олардан бірнеше қару-жарак түрлерін және оқ-дәрі тәркіледі», – деп салтанатпен хабарлап жатты. Терең күрсініп алған Сәтім: Ол тек ұсталған бірен-сараны ғой, – деді ішінен. Көз алдына ақ тасбақа мәшине, өзіне мылтық кезенген өлермен қаныпезердің сұлбасы келді.



## ЖАҒЫРАПИЯ

Бес саусақтың бірдей еместігі секілді, сыныптағы әр баланың әр пәнді қабылдау өрісі де сан қилы. Әшірдің қалауына салса – жағырапия, тарих, әдебиет сынды пәндерді мектеп бағдарламасынан шығарып тастар еді. Бұл пәндер алынбас қамалдай еді Әшірге. Әсіресе жағырапия, жер шарындағы мемлекеттердің есебі, олардағы ұлттардың саны, түрі, түсі, тілі, айналысатын кәсіптері, астанасы, қанша жаттайын деп тырысса да, миына кірмей-ақ қойды.

Ал, есептің берілісін жаза алмайтын Жарас, жер шарын жаяу аралап келгендей, жағырапия сабағында алдына жан салмайды. Американы Христофор Колумбамен бірге ашып, ата-бабасы жүз жыл сол құрлықтан өріп жүргендей, сол жақтың топырағының құрамына дейін айтқанда Әшірге Жарас бір керемет адамдай көрінеді.

Есеп сабағында Әшірдің жұлдызы биік. Сан формулаларды топырлатып орнына қойып, есептің апшысын қуырып, жауабын тарс еткізгенде Әшірдің жүзі бал-бұл жанып, жаны шексіз рахатқа бататын. Сондықтан, Әшір мен Жарастың арасында, көзге көрінбейтін бақталастық па, әлде қызғаныш



екені белгісіз, әйтеуір, бір шатақ бар-ды. Соның әсері болар, жағырапия сабағында Жарас Әшірді, ал математика сабағында керісінше дегендей, бірін-бірі аяқтан шалып, сүріндіріп отырғаны.

Бірде жағырапия сабағында Жаңыл апай Әшірден дүниежүзінде қанша мұхит бар екенін сұрады. Ол жанындағы «көрші-көлемнің» көмегімен, азар дегенде, төртеуін түгендеп, Солтүстік мұзды мұхитпен тоқтаған. Сол сәтте арт жақтан Жарастың: «Оңтүстік», – деп сыбыр ете қалғаны. «Е, тағы біреуі бар екен ғой!» – деп ойлаған Әшірдің: «Оңтүстік мұзды мұхит!» демесі бар ма!.. Жайшылықтың өзінде сәл нәрсені күлкі етуге әзір отыратындарға таптырмас себеп болды бұл. Басқаларға қосылып, Жаңыл апайдың өзі де біраз күліп алған да, Әшірге тегін «үштің» бірін қоя салған.



Тоқсанның басында алған сол байғұс «үштікпен» Әшір біраз жан созып еді. Міне, тоқсан болса, аяқталып барады. Жарастан қарымта қайтарар мұршасы сірә жоқ. Қайткен күнде де, қандай жолмен болсын, тағы бір «үштік» алса бұл тоқсанның бетін қайтарар еді. Міне, тағы да жағырапия сабағы. Жаңыл апай Америка құрлығынан бір аралды іздеп, картамен болып жатқанда сынып журналындағы тізімнің өз тұсына бір үштікті жалма-жан қонжита салғаны. Жүрегі тарсылдай соғып, аузынан шығып бара жатқандай. Жаңыл апай журналға қарап, кімдердің жалғыз бағамен тұрғанын, тоқсанның бітуге айналғанын ескерткен. Кенет, журналға шұқшия түсті де, басын көтеріп, Әшірге қарады. Сосын: «Өзіңе-өзің баға



қояр болсаң журналды өзіңе бұрып алмадың ба, аты-жөніңнің тұсына «Е» деген әріпті салып қойғаның не?» – дегені.

Әшір қып-қызыл болып, төмен қарады. «Бұл жағырапия мені өлтірер!» – деді ішінен.



## ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАМАНДЫҚ

Тамыздың тамылжыған таңы. Тәтті ұйқыда жатқан Жарас, шешесі үшінші мәрте оятқанда барып амалсыз тұрды. Орнынан еріне қозғалып, беті-қолын салқын сумен жуғаннан соң есі кіргендей еді. Жаздың ұзақ күнінде үй көрмей салынған ойыннан есі кетіп шаршап, ішкен-жегені бойына жұқпай, Жарастың қабырғалары арса-арса болып, қылқиған мойны ғана қалған.

Жаз шықты болды, бала біткеннің ермегі – қыстағы қар суы мен жаздағы жаңбыр суынан жиналған тоған-көлшік. Шешесі тоғанның жағасында туғандай Жарасың сол көлшіктің тұрақты мекендеушілерінің бірі. Ұзақты күн шалшық су сорып, бет-аузы жалақ-жалақ болып, кешкісін үйге құр сұлдерін сүйретіп бір жетеді. Оны «Ей, қайтесің, бағусыз сор маңдай». – деп мүсіркеуге – төрт құбыласы түгел. Нөсерден аман қалған қырқылған тоқтыдай болып, түрінен адам шошырлық Жарасты таза суға жуып, қайта адам кейпіне келтіру шешесіне оңайға түспейді. «Осы тоғанны құрғыр қашан құриды. Медиса. әкімдер





қайда қарап отыр? Шірік судан ауру шыкса кайтеді?» – деп өзінен өзі күйіп-пісіп, баласының күс-күс болып кеткен тарамыс аяқтарын ысқылап жатқаны. Мұны біреу күштеп тоғанға түсіргендей, әбден сықпыты кетіп, адамнан гөрі мақұлыққа жақын Жарас сабазға сонда да шаң жуытпайды ғой шешесі. Мұнтаздай болып таза жүретін егіз қыздары Айғаным мен Нұрғаным да шешесіне сабын суын алып беріп, Жарасты «тазалау» жұмысымен біраз әлектенеді. Бірақ бұлардың еңбегін елеп жатқан Жарас жоқ, бас-аяғы үш-төрт күнде баяғы жабайы қалпына қайта түседі.

Бұдан бір күн бұрын түскі асын ішіп, ыстық шайдан соң борша-борша терлеген Жарас көлеңкеге тер басуға тысқа шыққан. Кетегіне кірмей мазасызданып, қыт-қыттаған тауықтарына көзі түсті. «Мысық кіріп кетпеді ме екен?» – деген оймен қараңғы кетекке басын сұға бергені сол еді, біреу кір-кір қолымен мұның тұмсығынан осып жібергені. Ал, бұл кезеңде кетектің ішінде мысық емес, жұмыртқа ұрлауға әбден машықтанған «кәнігі ұры» Ақан отырған еді. Қолы қаралы адам қылмыс үстінде ұсталса, неден болса да тайынбайды. Қас-қағымда не болғанын түсінбей, абдырап қалған Жарасты үстінен басып өтіп, жолындағы талдарды сындыра-мындыра сытылып кетті. Жарас оны етегі тізесіне түскен сары футболкасынан ғана танып қалды. Әке-шешелері кұрдас, аралас-кұралас адамдар болғандықтан, көп дабыра қылмай бұл «іс» жабылып қалған.



Осы оқиға болған күні кешкісін, Жарасты жазғы демалыстың қалған бір айына «егін ауылдағы» нағашыларына жіберу жөнінде ұйғарым жасалды. «Оның үйдегі демалысы берекетсіз, абырой бермейтін демалыс болды. Оқуға дейін ағарған ішіп, тынығып, әл жинасын, әйтпесе, мектепке барғанда бұдан жұрт шошып жүрер», – деді әкесі.

Әлгі айтқан «егін ауыл» орталықтан онша қашық емес, әрі кеткенде бес-алты шақырымдай. Қаратаудың бауырында, аздаған мал-жандықтың қамымен және бұлақ жағалай бау-бақша салып отырған ауылдар. Таңғы салқынмен шығып, күн ысымай жетіп қалсын деген мақсатпен Жарасты бүгін ерте тұрғызған. Әке-шешесіне сәлемдеме ретінде шай-пайын, азын-аулақ дәмін сөмкесіне салған шешесі оны жолға шығарып саларда жолда ойнап қалмауын, шөлдеп қалмау үшін бұлақ жағалай жүруін, сосын су ішкенде сүліктен абай болуын бірнеше рет құлағына құйып айтты.

Иығында дорбасы бар Жарас жалғыз аяқ жолмен жүріп келеді. Қозғалып жүргеннен болар, көп ұзамай-ақ ұйқысы шайдай ашылып, таңғы таза ауадан көңілі көтеріліп, әлсіз бала дауыспен: «Жетейін десем жете алмай, жүрген жоқпын ба-ай» деп әндете бастады.

Әне, анау көрінген Айдын шалдың бау-бақшасы, одан әрі азырақ жүрсе нағашысының ауылы да тиіп тұр. Ал Айдын шал мұның нағашы атасымен құрдас, өзі бір елгезек шал. Мынау – соның бақшасы. Жарас бұлақтан су ішіп, біраз



тынығып алмақ болып отырған. Маңайда қыбырлаған жан көрінбейді, бақшаның орта тұсындағы күркеден де ешкім шыққан жоқ. Желілері шұбатыла теңкиіп-теңкиіп жатырған сары қауындарды көргенде Жарастың сілекейі шұбырып кетті. Иығындағы дорбасын жерге қойды да, қоршау сымды көтеріп, бақша ішіне кірді. Шағындау бір сары қауынды желісінен үзіп алып, қайта қоршаудың сыртына шықты. Жылдам басып біраз жер жүрген соң артына қарағанда, күркесінің



жанында состиып тұрған Айдын шалды көрді. Сасқанынан: «Сезіп қалған жоқ па екен?» – деді өзіне-өзі. Бойынан суық тер де бұрқ ете түсті. Жоқ, бірақ артынан қуған ешкім болмады. Сосын барып Жарастың жүрегі орнына түсті. Қауынды тасқа ұрып жарып, шала-пұла жеп, жеңімен аузын сүртті де жолды жалғастырды. Азырақ жүргенде нағашысының аулы көрінді. Томашадай болып келе жатқан жиендерін зорға шырамытқан кемпір-шал қалбақтап қарсы жүгірді. Екеуі кезек-кезек иіскелеп, мұны жетектеп қостарына қарай беттеді. Жарастың азамат болғандығы, өздерін іздеп жалғыз келгендігі – жігіт болғандығының белгісі екендігі айтылып, нағашы атасы мен әжесі мәресәре. Жарасқа арнап нағашы атасы бір марқасын жаратты. Қозының басына Айдын шалды шақыруға атасы есегін ерттеп жатқанда, Жарастың көңілі тағы бұзылды. Өзінен-өзі мазасы кетіп, қипақтап қалды.

– Оу, мынау Жарас па? Міне, азамат, бағана осы дәу де болса Жарас болар деп топшылап едім, – деп шал мұның қолын алып басынан сипады. Жарастың бетінің оты шығып қып-қызыл болып кетті.

– Әй, бәйбіше, қайдасың, сендер менен он шақты күн кеш салдыңдар, қауындарыңның шалалығы бар шығар, Жарас бір тойып жесін, – деді ол тағы бір дорба қауынды әжесіне беріп жатып.

Екі салқынмен атасына көмектесіп, бақшаның арам шөбін отайды. Күн ыси бастағаннан үйде



демалады. Аузынан қалатын түйенің шұбаты, ортасын кешіп жүріп жеген көкөніс Жарастың өңіне шырай кіргізді. Бұл Жарас – азып-тозып тоғаннан келетін баяғы Жарас емес еді. Оқудың басталуына шамалы күн қалғанда атасы оны орталыққа алып жүретін болды. Әттең оқудың болып қалғаны, әйтпесе Жарастың мына жұмақтан кеткісі келген жоқ. Бір қап қауын артқан есекті жетектеп екеуі келе жатыр. «Е, Жарасжан, оқуың болып қалды-ау, күні кеше ғана келген сияқты едің, әй, өтіп бара жатырған күн-ай», – деп жолдан Айдын шал «жол болсын» айтып қалды.

Ал, Жарас Айдын шалға таңданып келеді. Бұл ғой оның қауынын ұрлады, ал шалдың мұны жазалаудың орнына өз еңбегімен өсірген қауынын мұның аузына тосып құрметтеді. Ойына Байбақты мұғалімнің айтқаны оралды. Ол: «Балалар, өмірде жамандық та, жақсылық та кездеседі. Жамандық



жасау оңай, ол әркімнің қолынан келеді, ал жақсылық жасау қиын. Шамаларың келсе, жамандыққа жақсылық жасауға тырысыңдар!» – дейтін. Мұғалімнің сол айтқанын мына Айдын шал іс жүзінде өзіне жасап отыр. «Е, ағайдың айтып жүргені осы болды-ау», – деп ойлады Жарас бала. Кез келген адамның қолынан келмейтін осындай даналықты Байбақты мұғалімге Айдын шал үйретті ме, әлде керісінше ме, оған Жарастың ой-өрісі жетпеді.

Бұлар іркесіп-тіресіп ауылдың шетіне жақындады. Жарас сәл аялдаған жерде әжесі берген қалтадан бір уыс ежегей құрт алып, бөлек қалтасына салып қойды. Оны құрдасы «ұры» Ақанға арнаған еді.



## ЖЕЛҚАЙЫҚ

*Тәуекел түбі – желқайық*

*(халық мақалы)*

Тал түс. Шілденің ми қайнатар ыстығы, оның үстіне тау қойнауындағы шағын ауылда леп жоқ. Түскі шайдан соң біраз дамылдап, көз шырымын алуға қисайған Салиха кемпір әлдебір тысырлаған дыбыстан оянып кетті. Күн түспес үшін терезе тұмшаланып тасталған, қараңғы үйден сипалап немересі Көшенді іздеп көріп еді, орнында жоқ болып шықты. “Япырым-ай, бұл жүгірмектер өлгенін білмейді, күн өтіп кетеді-ау”, – деп, тысқа беттеді.

Бастарын күннен сауғалап, төмен салып, бір-біріне тығылысқан төрт бес қозы-лақ ауланың шетінде тұр. Үй жанындағы бес-алты теректі суаруға қазылған арықтың ылғал сызына бауырын төсеп тілі салақтап Ақтөс төбет жатыр. Мамыр айы туысымен бала-келіні қостанып, шөбі шүйгін теріс жағалауға шөп шабуға кеткеніне екі-үш аптаның жүзі болып қалған. Бәлендей елдің алды болып кетпесе де, орташа окитын Көшенді мектептен соң азғана күн тынықсын

«алып кел, барып кел» деп оны-мұнысына жұмсасам да деп өзімен бірге алып қалған. Тыныққанының сықпыты мынау болды. Өздері қыстан әрең шығып, көкке ауыздары енді тиіп көтеріле бастаған азғана жандықтарын жаз бойы сорып діңкелетер деп келін баласы, қозы-лағын бұларға тастап, айырып көшпен бірге ала кеткен. “Мына бар болғырды баққаннан бір отар қой баққан әлдеқайда жеңіл болар”, – деп ашуланған Салиха әжей үй маңынан көзіне түспегесін, ауылдың төменгі жағындағы алма бағын суаруға жасалған тоспа тоғанға тартты. Топшылағаны рас болды. Жан- жағын қамыс, қоға қаптай өскен ауқымы недәуір тоған көлшіктің ортасында әлденені қайық жасап алып, арқайын малтып жүрген екеуін көрді. Көшенді үстіндегі жасыл көйлегінен жазбай таныды, қасындағысын айырып болар емес. «Әй, Көшен, әй кім, өлмеген нелерің қалды, сорлылар-ау, құдайдың берген тыныштығын көп көріп жүрсіндер ме, бері-бері қарай», – деп әлденелерді жүре айтып, барып тоқтады. Кәдімгі теңізшілердей, қолдан жасаған ескектерімен баяу есіп, бұл тұрған жағаға жайбарақат малтып келеді. Жақындағанда шырамытты. Немересінің серігі, ағаш шебері Тұрғанбайдың кенжесі Асхат екен. Көшен күнге тотығып қарайған, шикіл сары Асхат піскен қызанақтай қып-қызыл. Әжесінің осындай шеттен шығып кеткенде айқайы болмаса, былай зәрі шамалы. Сондықтан Көшеннің онша қорқып қысылып келе жатырғаны байқалмады. Жас шешесі болса, әңгіме басқа. Онда бұларды жағаға жетер жетпестен қайық-майығымен төңкеріп,





екеуін арық тоқтыдай суға желкелерінен ұстап, батырып, тұншықтырар еді. Онысымен қоймай судан шыққан соң да онан да жайсыздау сыбағаларын беріп үйге жеткенше қой қайырғандай таспен сыбап қуып келер еді. Қайық болып көрінгені әншейін қосақтай салған трактордың қос май құятын ыдысы екен. Жағаға келісімен екеуін екі бөліп арқалап алған томашадай екі бала тау көтерген Толағайдай бактың астынан көрінер-көрінбес болып кемпірдің соңынан еріп келеді. Баланың балалығы болады ғой, бірақ Көшен онша ессіз бала емес. Әлденені ойына алып кіріссе, бітірмей тынбайтын, ыждаһатты. Онысын үлкен шешесі өткен жылы әкесі жұмыстан қолы босағанда, тракторымен Қаратаудан түсіріп берген тасымен үй жанынан ұзындығы он екі, ені бес құлаш



қораны екі ай бойы жалғыз өзі қалап бітіргенде байқаған. Қара тастан құрылыс салу екінің бірінің қолынан келер іс емес және екінің бірінің төзімі де жетпейді. Содан болар, немересінің жетесіз емес екендігін байқаған. Кемпір оны жөнді-жөнсіз қайырмалай бермейтін. Үшеуі терлеп-тепшіп шай ішіп отыр. «Су мен оттың қатесі көп болады, абайламаса», – деді кемпір шай дастарқанын жинап жатып. Деуін десе де, осыдан төрт жыл бұрын дүние салған шалын есіне алды. Ол марқұм да суға құмар болатын. Бұдан қырық жылдай бұрын шығанақ теңіздің оң жағалауын қоныстанған балықшы колхоздар болған. Шалы ол кезде жасы отыздың төртеу-бесеуіндегі жігіт еді. Жағаның мұзы еріп бастағанда балық аулауға кетіп, салқын түсе тіпті қарашаның аяғын ала оралар еді. Сонау Үйшіктің атырауын жағалай, тұщы судан шабақ аулап өкіметке тапсырып, Аштарханға дейін жүзіп, базарлап, талап болған кездері недәуір олжамен оралатын. Балықшылардың туған жағаға оралуы үлкен мереке. Енесі мен соғыстан бір аяғын кестіріп қайтқан мүгедек атасына сездірмей, кірсе де, шықса да, екі көзі теңізде болушы еді. Зарыға күткен күнде келеді. Емшек жасындағы ұлын енесіне тастай сала, үлкен қызын жетелеп, көппен бірге жағаға ойысады. Мұның артын ала балдағы сықырлап атасы да жетеді. Қызы бар, атасы үшеулеп, өздерінің бөлдіркесін (шағын ескекті қайық) итеріп суға салып, аяғы жоқ демесең жарықтық атасының қолы қайратты еді, шал ескек есіп, әп дегенде қайрандап қалудан қорқып тереңге



зәкір тастаған алып маторлы қайыққа таяу жақындайды. Қайықтың ернеуінен асылып тұрған бірнеше балықшының ішінен күйеуін тауып алады. Күйеуінің жанындағы қылжақбас балықшылар Салиханы саусақтарымен меңзеп көрсетіп, оған әлденелерді айтып, қарқылдап күліседі. Ұяттан оты бетіне шыққан келіншек «Маған не жоқ осы, атамды жіберіп өзім жағада қалсам да болатын еді ғой, – деп өзін-өзі ұры бөріге салатын. Екі қолын бүйіріне таянып, бей-берекет ыржиып тұрған күйеуін көріп, өкініш пен қуаныш аралас ашуын ілезде ұмытып, оған атасына білдірмей жымиып қана күлетін. Ақ бөлке дейсің бе, кептірілген өрік дейсің бе, күренітіп піскен тоқаштардан дастарқан толып, енесінің алты ай бойы сақтаған сүр еттің иісі бұрқырап, үй ішінің берекесі келуші еді. Салиха кемпір жаулығының ұшымен көзінің жасын сүртті. Әжесінің мұнысын Көшен түсінген жоқ. Кейін теңізден балық аулауға тыйым салынып, кәсіпсіз қалған балықшылар кім қайда, үдере көше бастады. Кейбірі бәлен деген жерден мұнай шығыпты деп өндіріс жағаласа, бұлар колхозда мал бағатын туыстарын жағалап, колхозға кірді. Жаңа жұртпен үйренісіп кеткенше қиындығы да болды. Атасы, енесінің топырағы жаңа жұрттан бұйырды. Ағайынның арқасында, біреуден ілгері, біреуден кейін көшке ілесіп кетті-ау әйтеуір. Салиха кемпір тысқа шығып, тау беткейінде жайылып жүрген қозылақтарын көздеді. Күннің ыстығы қайтып, таудан салқын жел соғып тұр. Бұлақ-бұлақты қызықтап, жамырай ойнаған бала-шағаның шуылы. Күнделікті



уақыт қысқа, өмір қысқа. Сол себепті өз кейіпкерлерімізге қайта оралайын. Арада бір апта өтті ме, өтпеді ме, тракторын тарылдатып шөптегі ұлы келіп тұр. Тамағын ішіп демін алған соң: “Қой, мама, сіздер қарсы болмасаңдар, көшіріп әкеткелі келдім”, – деді ұлы. “Немене, біз болмасақ, совхоздың жоспары орындалмай қала ма?” – деді шешесі, біраз үнсіздіктен соң. «Мен сіздің жағдайыңызды айтып көнбеп едім, директор болмады», – деп ұлы өзін ақтап алды. «Таза теңіздің ауасы, шешенің несі кетеді, қайта денсаулығына пайдалы» деген директордың сөзін жеткізгенде Салиха кемпір біраз көтеріліп кетті. “Шірік неменің бір жапырақ қағазым бар екен деп бәлденуін, төрт рет оқудан шығып кетіп, әкесінің тырын қағып, он бес жылда зорға бітіріп еді, теңіздің ауасы пайдалы болса апарсын, өмір бойы қойдың артынан басқа түк көрмеген шешесін» деп барып тоқтады. Бірақ теңіздің аты аталғасын аз ғана ашуына дес беріп «Немене, мені бригадир етейін деп жатыр ма?» – деді. «Келіншегің десте түзеуге шықсын деп жатыр», – деді, ұлы күмілжілеу. «Шықса шықсын, алты ай бойы теңізде де жүрдік, осы күнгі қатындар құтырған, қара жердегі істеген жұмысты да жұмыс деп жүр олар» дегенде ұлы қуанып кетті. “Сіз ештеңе жан ауыртып істемейсіз», – деді. Манағы ашудың салқыны басылмаған кемпір “Не істейтінімді сендерден сұрамаймын”, – деп шорт кесті. Ауылда қалған төлдерін, оны-мұныларын, трактордың қорабына салып, үйді кілттеп, кілтін анда-санда қарап қойың деп көршілерге қалдырып, Көшім екеуі



трактордың тар кәбеңкесіне бір нәрсе қылып сыйысып, терістік жаға қайдасың деп таңғы салқынмен тартып кетті. Трактор жарықтық аты көлік демесең, онша көлік санатына қосып қол ұзартар нәрсе емес, оның үстіне даланың қара жолы, шоқалақтап бір орнында тұрып секіретінін қайтерсің.

Күн қызарып батуға таянғанда келіп жетті-ау шөпшілер қасына. Келе ме, әлде жоқ па деп бал ашып тұрған келіні трактордан жаулығы қисайып сүйретіліп түсіп жатырған енесін көріп қуанып қарсы жүгірді. Енесіне сәлем етіп, қолындағы дорбасын алып, ұлын кемпірге көрсетпей бетінен сүйіп қосқа беттеді. Директордың айтқаны рас болып шықты. Үш мезгіл бала-келінінің алдынан асын дайындайды, Көшен екеуіне басқа қалып жатырған шаруа шамалы. Сонау шығанақ теңіздің арғы жағынан көрінген тау кемпірдің өткен күндерін тағы есіне салды. Ол тау өмірден өткен қосағымен қосылып бақытты күн кешкен, тұлымы желбіреп қыз болып, талай жидеге барған, әкесі мен шешесі тірісінде де, бақилық болғанда да мәңгі мекен еткен тау. Әсіресе таңертеңгілік ашық күндері анық көрінеді. Енді көрем бе, әлде жоқ па деп жүргенде алыстан болса да мұнартып көрінгеннің өзі кемпірге демеу болды. «Қой не болды маған, өзімнен-өзім мүжіліп, ертең өлейін деп жатырғаным жоқ қой» деп, өзін-өзі ширатып алды. Көп ұзамай шөпшілерге тағы бір кемпір “көмекке” келді. Салиха кемпірге ол тіпті жақсы болды ананы - мынаны айтысып, қаужандасып қалады. Жана кемпірдің бір артықшылығы – шалы

тірі, әрі тың шал екен. Ол күні бойы балғасы мен төсін таңқылдатып, орақ шегелеумен боп жатады шырт-шырт түкіріп. Ал Көшенге келсек, оның тірлігі тіпті бөлек. Шөпшілерден жасырып ау салады, ау болғанда да сала құлаш ау емес бас-аяғы қырық құлаштай. Бірақ тәртіп қатаң. Балықпен ұсталсаң аяушылық күтпейсің. «Шалқыған көк теңіздің жағасында тұрып, бірен-саран қазандығын алмаса, ит пен құсқа жем болып жатқан өз жерінің дәмін өздеріміз татпасақ не болғанымыз» деп, намысы бар жігіттер ауларын құрып тастаған. Сол ауды қарап келуге Көшеннің қайықпен барғысы келді. Бұлар тұрған жаға жарты шақырымдай теңізді тілерсектен кешіп жүрген соң ғана бірте-бірте тереңдей бастайды. Шөптен шаршап, тамағын әзер ішуге ғана шамасы келетін шөпшілердің ауды тексеріп келуге көп құлқы болмайды. Трактордың ескі бактерін бір-біріне матап байлап, ауылдағыша қайық жасағалы жатырған Көшенді көрген орақшы шал «Бұл теңіз шырағым, тоған емес, теңіз бір мөңкігенде ауып қаласың» деп мұны тәубесіне келтірді. Ойлап қараса шалдың сөзі рас. Арада тағы да үш -төрт күн өтті. Қостың көлеңкесінде отырған мұны орақшы шал қолын бұлғап шақырды. «Мына трактордың кәмірін көрдің бе, осыдан желқайық жасауға болады» деді. Теңізге шығуға майқұйғыштан басқа амалы жоқ, тығырыққа тірелген Көшенге, шалдың ойы қамшы болды. «Қалайша?» деді көзін жыпылықтата. «Былайша» деді шал құйтырқыланып. Екеулеп ескі, бірақ бүтін кәмірге тыңқитып ауа үрледі. Әкесінен үйренген



әдіспен кәмірдің ауа шығатын шүмегін еш қиындықсыз бекітіп, кішкене қалпақшамен бұрандалады. «Енді бүйтеміз» деді шал тағы құйтырқыланып. Алып дөңгелек кәмір дәл ортасынан буып тартқан кезде кәдімгі қайыққа ұқсап шыға келді. Астына жұқа тақтайдан табан салып, жан-жағынан су кірмейтіндей етіп бітеді. Су жұқпас үшін резеңке кәмірді айналдыра майлап шықты. Ескекші отыратын шағын үстел жасап, ескі шатырдың бүтіндеу тұсынан жыртып, үшбұрышты қалыпқа келтіріп, шағын желкен орнатты. Шабындықтан оралған шөпшілер дайын тұрған қайықты айналдырып қарап, бір мін таба алсайшы. Суда қалқып бағыт алып жүзетін болса, шөп ауылға жарлылық жоқ екенін айтып, қауқылдасып тарасты. Аманшылық болып, орақшы шал айтқандай, «Алла бұйыртып, жел оңынан соқса» екеуі теңізге шықпақ. Бұған әлі аттай бір сөткі уақыт бар. Көшеннің жатуын жатқанмен көзі ілінер емес. Ех, шіркін, осының бәрін Асхат көрсе ғой! Бағана орақшы шалдан әңгіменің бір орайы келіп «Мына қайық қанша адамды көтереді?» – деп сұраған. Шал көп ойланып жатпады «Бүткіл шөп ауылды» – деп тарс еткізген. Ойыны әлде шыны екенін біле алмады бетіне қарап еді, ешқандай әзілдің, күлкінің нышаны байқалмады, насыбайды шамадан тыс салғандықтан төменгі ерні салпылдаған күйі сыздықтата түкіріп отыра берген. Көшен оған сенді. Былай қалжыңбас болғанымен қолынан іс келетін жан, оның үстіне қайықтың жобасын сызған да жасаған да сол. Әжесін «жеңеше» деп әзілдеп, Көшен мен әкесін «жиендер» деп



жататыны тағы бар. Қалай «жеңеше», қалай «жиен» екендігіне бас қатырып жатқан Көшен жоқ. әйтеуір орақшымен әңгімесі жарасады. Бұдан он шақты күн бұрын орақшы бұған «Әкеңе айтып бар, ана кәрі шешеңе обал болды ғой, тезірек жат жұрттыққа берің» деді. Әңгіменің мағынасына түсінбеген бұл кешкі шайда айна-қатесіз айтып беріп, үй-іші қыран-топан күлкіге батқан. “Сынықтан өзгенің бәрі жұғады” ана кәрі мылжыңның қыңыр сөздерін Көшен үйреніп, бұл да енді бір-екі айда мылжың болып шығатын түрі бар деп, әжесі кеңкілдеп күлген. Көшен ұйқыдан күн арқан бойы көтерілгенде оянды. Әп дегенде есіне түскені қайық болды. Ақ желкені желбіреп қасқайып тұрған қайықты көріп, ұйқысы шайдай ашылды. «Ассалаумағалейкум» деді орақшының желке тұсынан. Шалдың қызметіне берілгені сондай, темірді төпелеп жатыр. Көшен даусының ырғағын көтере екінші рет сәлем бергенде ғана артына бұрылды. «Тамақ ішпегеніңе көп болды ма, әйтпесе даусың шалажансар естіледі» – деді жұмысын жалғастырып жатып. «Құлағыңыз көптен су көрмеген шығар» – деді шалдың жанына жайғасып жатып. Шал қарқылдап күліп «Міне, адам болатын бала, әзілге түсінгенің тіршілікке түсінгенің» – деді. «Желіміз оңынан тұрса, бүгін теңізге шығамыз» дегенде Көшен жүрегі жарыла қуанды. Шалдың оны-мұнысын алып беріп, қолды-аяққа тұрмай ұшып жүр. Түскі асқа қарайған шаруа бітіргендей, орақшымен бірге шықты. Жеңіл қайықты желкенін бұлғақтатып, қалың шағырдың үстімен жеңіл сүйреп келеді



екеулеп. Шөпшілер қосынан таяқ тастам жердегі теңіз Көшенге жердің түбі болып көрінді. Су тілерсектен келген кезде, шал екеуі кішкене аялдап, қайықтың бүтіндігін тексерді. Тағы біршама қадам жүріп, қайық табанының құрғақтығына әбден көзі жеткен шал «Ал, бала, талабың оң болсын, отыр қайығыңа» – деді. Қайыққа қалай ытқып мінгенін өзі де сезбей қалды. Шалдан ишара күтіп, төзімі онсызда шарықтау шегіне жетіп тұрған. Желқайық сәл ғана толқып барып, байыз тапты. Су кіндіктен аса шал отырды. Екеуінің салмағына қайық сыр бермеді. Трактордың багіндей қалт-құлт етіп, әні-міне ауып кетердей қауіп туғызбады. Онымен салыстырғанда әлдеқайда орнықты. Осылай болуға тиіс деп, қайықты жасап, сұлбасын келтіргенмен, өмірі шаруадан көз ашпаған шал туралап келгенде, теңіз тірлігіне орашолақ екен. Шалдан гөрі тоған-көлшіктен әдіс алған Көшен көш ілгері болып шықты. Әуелі колхоздың, қала берді, совхоздың ұстаханасында, шағын көрікті үрлеп, темірді қайысша иіп, балғасы мен төсіне бір тыным болмай, бар саналы ғұмыры темір-терсекпен өткен шалдың, тау жағалай аққан «Досан» мен «Әндеменің» бұлағынан басқа су көрмегені рас еді. Желқайықтың желкен бекіткен діңгегінен жабыса тас қылып ұстап алған шал тарбиып жатып алған. Шалдың мұнысына Көшен қанша күлгісі келгенмен күлген жоқ, желқайықты бабымен есіп келеді. Шалдың қорқынышын сейілткісі келіп «Әзір таяздаймыз» деді. Үрейден әлі арылмаған шал «Қол-аяғың құрысып қалса тереңі не, таязы не?» деді даусы



дірілдей. Құрлықтағы қыңыр әңгіменің бірі жоқ, бет-жүзінде уайым аралас қорқыныштың нышаны басым. Теңіздің тоған емес екені рас, біраздан соң Көшеннің қолы талып, шаршай бастады. Шалға ескекті беруге шал басымен қайғы «Қайдан шықтым, осы теңізге» деген күйде келеді. Жағадан алыстаған сайын теңіз жұтып қоятындай шалға. «Енді азғана желкенмен жүзіп көрелік, әйтпесе қарым талып қалды» деп, Көшен ескекті жинап алды. Жағада Көшеннің сөзін сөз екен деп елемейтін шал елпеңдеп оған бағынып қалған. Желдің қайдан соғып тұрғаны, желкенді көтерген кезде желқайықтың қайда бағыт алары, оны ойлап жатқан Көшен жоқ. Шал орнынан тұрған жоқ, жорғалаған күйі қайықтың екінші бос басына ауысты. Көшен желкенді жазып, төменгі бір бұрышынан кере тартқанда қапталдап соққан желден қайық баяу қозғалып, жүзе жөнелді. Қуанып кеткен бала «Өй, желкен рахат екен ғой!» деді. Қорқыныш аралас күлкімен шал да қуанған болып жатыр. Желі оңынан болды-ау деймін, қайық аудың қарақшы белгісіне тура жүзіп келеді. «Қалай болады екен?» деп ойлаған Көшен желкеннің өзі ұстап отырған бұрышын олай-бұлай қозғап көріп еді, қайық та оңды-солды бұрылып, оған бағына бастады. Бала біраз әдіс алып төселіп қалды. Әні-міне дегенше қарақшыға да келіп жетті. Шал «Енді мұны қалай тоқтатасың?» дегенше болған жоқ, Көшен желкенді түсіре салды. Қайық өзіне әсер етуші күш болмаған соң, су бетінде қалқып тұрып қалды. Шынашақтай баланың алдында дәрменсіздік көрсеткеніне намыстанып, шал да



өзінше қайықтың бас жібін қарақшыға байлап жатыр. Енді қауіптің сейілгенін сезіп, шалдың көңілі бірленді. «Ауды тексерейік» деді Көшен. «Иә, сөйтелік» деді шал теңізге неге шыққаны енді есіне түсіп. Аудың екі басындағы қарақшының маңындағы қалытқылар болмаса, орта тұсы суға батып кеткен. Өлі болсын, тірі болсын, бір нәрсе бар екені анық. Бір-біріне сілтеп, шөпшілердің ау қарамағанына төрт-бес күн болып қалған. Көшен судың орта бөлігін тарта көтергенде бір емес, екі қортпаның басы көрінді. Бала шөпшілерден көргенін істеп, бағана өзімен бірге ала шыққан шағын темір белдікпен екеуін кезек соғып есеңгіретіп, аудан босату қамына кірісті. Шал Көшенді мойындады. Қортпаларды аудан босатуы мұн екен, ессіз жатқан екеуі су бетіне қалқып шықты. Екеуі терлеп-тепшіп, құлаштан сәл үлкен қортпа балықты қайыққа салды. Манағыдай емес, қайық үстіне жүк салғанды біліп, азғана суға отыра түскен. Көшен тағы да көргенін жасап, аудың шатырын жазып, оны сілкіп-сілкіп, қалтқыларын түзеп, суға салды. Қайықты желге бір қырын рейлете жүздірген бала мен шал жағаға маңайлап келді. Қорқыныш пен абыржудың бәрі артта қалып, теңіз суы тізеден келген кезде шалға жан біте бастады. Қайықтан секіріп түсіп, итеріп келе жатырған Көшенге «Әй бала ауылға жүгір, ана мұсалдаттардың бірі келіп, балықтарды ауылға жеткізсін, тракторымен» деді шөп ауылдың асыраушысы кейпіне келіп. Ауыл мәре-сәре. Бүгінгі шөпшілер қасындағы ең беделділер Көшен мен орақшы. Әсіресе, Каспийдің жарты балығын аулап



келгендей, шал әлденелерді кемпіріне даусын көтере айтып жатыр. Кемпірі сөзсіз бағынып қалған, ошак пен қостың арасында ұзын көйлегі аяғына оралып, жүгірумен жүр. Олардың қам-қарекетін сыртынан бақылап тұрған Көшен біраз рахаттана күлді, бірақ шалдың теңіздегі жүрегiнiң өкшесiне түсе қорыққандығы жөнiнде тiс жарып ешкiмге айтпады. Желқайық ауылға құт болды. Күнде болмағанмен, шөп ауыл балықсыз болмады. Бұлар теңізге шыққан сайын Салиха кемпірден маза кетеді. «Әй сен шалдыкі не, балықсыз да отырған ғой, осы ауыл, қанағат деген болмай ма?» деп бір сөйлеп қалады. Шал үшін бәлендей жаны ауырып тұрған жоқ, немересі үшін қашан үйге оралғанша, жаны мұрнының ұшында жүргені. «Көшенжан, бұл дүниеде сұраусыз еш нәрсе жоқ, “балық бәсін алады, егін есесін алады” деп бұрынғылар білмей айтты дейсің бе?» дегенді сан рет қайталап, немересіне қақсап жатқаны. Оны елеп жатырған Көшен бе, тізесіне түскен түрістігі далаңдап, шалдың соңынан еріп, теңізді бетке алып бара жатқандығын көрер едіңіз. Көкке тойса, тоқтамайтын қанағатсыз қой малындай адамды да сол қасиет билесе жақсы емес. Балыққа тойынған ауыл енді Көшендер олжалы оралған күндері балықтың арық-семізін таңдап таласып, кей күндері бір-бірімен сөзге келіп қалатын деңгейге жетті. Осылай жалғаса берер ме еді, мына бір тосын оқиға болмағанда. Тамыз айы туғалы теңіз суы салқындап, бұлардың теңізге шығуы сирей бастады. Кейде теңіз беймазаланып, жал-жал толқындарымен маңайлатпаса,



кейде теңізден су іше сала, туша-туша бұлттар нәсерлете жауып, әйтеуір сәтін салмады. Сондай күндердің бірінде ауа райы ашылып, бұрқанған теңіз еш нәрсе болмағандай тына қалғаны. Бұдан бірер күн бұрын шөпшілер әңгіме арасында теңіз суының салқындап кетіп, енді балық біткеннің бәрі тереңге кететіні сөз болған. Сондықтан теңіздің байыз тапқан сәтін аңдып, арасында ауды жинап алу керектігі айтылған. Көшенге салса, балықтың, аудың көп қажеті шамалы. Оның есіл-дерті теңіз, жамап-жасқап жасаған желқайығы. Желкенді көтеріп, жел шығыстан соққан күндері жағадан көп ұзамай, жеңіл сырғып жүзгенде, жаны шексіз рахатқа бататын. Жеделдете басып, шалға жақындады. “Теңіз тынған екен, ауды қарап, балық түссін-түспесін, ауды жинап әкелеміз, – деді үлкендерше. Шал мен баланың бір-біріне үйреніскені сондай, әркім өз ойын бүкпесіз ашық айтады. Шал үлкен болып Көшенді бетінен қағып көрген жоқ. Көшен бала болып шалдың сөзін жерге тастаған емес. Болсын-болмасын, бәріне құп. Рас енді арасында шалдың-шалдығы, баланың-балалығы болып тұрады. Көшеннің тарапынан зәрсіз ерегесу, шалдың тарапынан залалсыз қырсығу анда-санда ұйтқып соғып кететіні бар. «Кешегі шамалдан тұла бойым мұздап, екі тізем сырқырап, бір жылынбай отыр, Алланың күнінің сәті көп, тағы бір күні шығармыз» деді Көшенге. Шынымен шалдың жүзінде сырқатын ауырсынғаны білініп тұр. Дәл сол бойы Көшен шал сөзіне келіскендік сыңай көрсеткенмен былай шыға ойы нілдей бұзылды.



Теңізге жалғыз шығып, бір ерлік жасағысы келді. «Аудың қаракшысы әне көрініп тұр. Барамын да жинап алып келемін, менімен бірге барғанда да ол шалдың қолды ұзартып жүргені шамалы» деп өзінің ойын өзі мақұлдап жағаны бетке алды. Өзінің сөзін Көшеннің тыңдамай кеткен кезін көрмеген шал өз ісімен болып отыра берді, тіпті мойын бұрып та қараған жоқ артына. Көшен қалың шаланның арасына тыққан қайықты сүйреп әкеліп суға түсірді. Шал екеуі көзге шалынбас үшін күн қызарып батар кезде шығып, ымыртта оралатын. Көшен жалғыздығын ескеріп, сәл ертерек қимылдауды жөн көрді. Солтүстік-шығыстан соққан жел теңізді еріксіз мазасыздандырып, бұйра толқындар жиілеп бірін-бірі қуалай арғы жағаға қарай жөңкіліп жатыр. Күнді ұясына батар алдында қара бұлт перделесе әжесі «Күн қараға батты, жаңбыр жауа ма екен?» деп алдын ала топшылап жататын. Теңіздің тынымсыздығынан азғана жүрегі қобалжығанмен «Біздің желқайыққа бұл түк емес» деп, өзіне-өзі күш беріп, жағадан әудем жер қашықтады. Бастапқыдай емес, жел күшейіп, толқындар қайықты балаға бағындырмай, шын састыра бастады. Жиі және екпіндей соққан толқындар еш нәрсе ойлап шешім қабылдауға мүмкіндік бермеді. Өзінің көзсіз тәуекелге беріліп, ағаттық жасағанын Көшен кеш түсінді. Басына қорқынышты ойлар келіп, абдыраған бала еріксіз желдің айдауымен жағадан біраз қашықтап кеткенін байқады. Теңіз толқынының дүлей күшіне бағынған желқайық баланың жанталаса ескеніне қың деместен,



ығып барады. Көшен қатты қорыққаннан даусының қалай шығып кеткенін байқамай қалды. “Әй, әй” дегенде, соңғы “эй-эйы” жыламсырай шықты. Бір-екі биік толқын мұны көміп өтіп, малмандай етті. Жел күшеймесе бәсеңдеген жоқ, жағадан күдерін үзіп, тек тәңірінің үкімін күткен бала, арасында айқайлап алып, арасында жылап, өзінің не жасап, не қойып жүргендігіне есеп бермейтіндей халге жетті. Құтырынған теңіз бірнеше рет қайық-майығымен төңкере жаздады. Көшен қайықтың бел ортасынан буылған арқаннан тас қылып ұстап айырылмады. Түйсігінде бір ғана ой – қайықтан бөлектенбеу. Ауа үрлеген қайықтың ауып кеткен күнде де суға батпайтынын ойлап, көңілі сәл орнықты. Бекет Ата, Шопан Ата, Сұлтанепе әжесінен талай естіген әулиелерге табынып келеді. Көктен де, жерден де үміті үзілген балаға шапағатын тигізсе тек солардан ғана жәрдем болатындай көрінді. Қала берді өзінің жел қайығы. Қас қарайып, желқайықты қақпақыл етіп, құтырған теңізде шыбын жаны үшін аласұрған томашадай Көшен ғана. Әлдекімдердің ашық теңізге шығып оралмағаны, дәм-тұзы түгесілмегендерінің басқа жат жағалаудан шыққаны туралы бұл талай естіген. Басына келіп-кетіп жатқан ойдың шегі жоқ.

Шөпшілер қос басына бағана оралып, ас-суларын ішіп, оны-мұны әңгіме қылып отырған. Салиха кемпір келініне «Көшенді шақыршы, шақырмасаң ана мылжың шалдың жанында түнеуге бар» деген. Шалдың күркесіне басын сұққан келіннің көргені шалқасынан түсіп жайбарақат жатырған орақшы және

сығырайған білте шамның жарығымен әлденені шұқылап жатырған оның кемпірі болды. «Ата, Көшенді көрген жоқсыз ба» дегенде шал үрейленген көзімен тесе қарап, басын шайқады. Жүрегі аузына шыға қобалжыған келін әлдебір жайсыздықты сезіп, аяғы-аяғына жұқпай, қосты түгел аралап шығып “Ене, Көшенді таба алмадым”, – деді даусы жыламсырай шығып. “Не дейді, мына бәтшағыр, – деп кемпір орнынан аңырай тұрды. Тып-тыныш жатқан шөпшілер қосы апақ-сапақта дүрлігіп кетті. Жағдайдың байыбына түсінген шөпшілер Көшеннің атын атап айқайлап, жан-жаққа байбалам салып жүгіріп жүр. Баланың жоқтығын естігенде шөпшілердің басына әп дегеннен келгені теңіз болды. Қос басы азан-қазан, дауыс сала жылаған кемпірдің даусына жағаның желі араласып, шөпшілерден шынымен маза кетті. Жуыр маңда Көшеннің барар жері жоқ екенін түсінген әкесі тракторын от алдырып, жанына орақшыны отырғызып, жағаға тартты. Жолдың ойқы-шойқысына қарамастан, айдап келеді. Трактор тоқтар-тоқтамастан сүйретіле түсіп, қайықты жасырған қопаға ентіге жеткен шал қайықтың орнында жоқ екенін анық көрді. Трактордың салған жарығынан, қайраңға тобыққа дейін батып, үстінен желқайық сүйрелеп өтсе де апайқын жатқан баланың ізін көрді. Із тура теңізге бағыт алған. Әкесі қапелімде өзінің не болғанын білмей басы дыңылдап, құлағы бітіп қалды. Қайық жасап, Көшенді желіктіріп, оны енді мынадай жағдайға душар болуына өзінің үлесі барлығын жіпке тізіп ойлаған шал байғұста ес қалмады. Қашан салғаны





белгісіз, ерніндегі шақшаны алып тастауды ұмытқан. Шөп шабу жайына қалды. Шөпшілер көрер таңды көзімен атырды. Шөп ауылдан он шақырымдай жердегі орналасқан экспедицияға адам жіберіп, орталыққа болған жағдайды хабарлады. Бас-аяғы бір жар сағаттың ішінде жеткен екі тікұшақ шығанық теңізді бірнеше рет кесіп өтіп, бірде жағаны бойлай ұшып гүрілдеп іздеумен болды. Барлық үміті тек сол тікұшақта болып тұрған шөпшілер әлгілердің бірінің арғы жағаға қонғандай болғанын, көп бөгелмей, қайта әуеге көтерілгенін байқады. Бір мезетте екеуі қосарлана қосты бағытқа ала ұшты. Баланың табылғаны анық, бірақ қандай күйде, жанды жеп тұрған сауал осы ғана. Өмірді жаңа ғана бастап, өмірге әлі терең бойлай қоймаған Көшен баланың тағдырын ойлап, шөпшілер ұшақтардың қонуын күтіп, демдерін іштеріне тартып үнсіз қалған. Айналаны құйындата келіп, екеуі де қонды. Бір-жар минуттай адам өлтірерліктей тыныштық. Ауылдағы жанның бәрі аңтарылып тұр. Ұшақтың бірінен секіре-секіре түскен екеуі екіншісіне қарай жүгірді. Екіншісінің де есігі ашылып, ішінен әлденені құшақтап шыққан бір ұшқыш жердегі екеуіне әлгіні сақтықпен салбыратып түсірді. Кенет беймәлім нәрсеге жан бітіп, екі ұшқыш екі жағынан жетектеп келеді. Салиха кемпір немересін айнытпай таныды. Бәрі ұшқыштарды бағыт алып жүгіргенде жас шешесі елдің алдына шығып кетті. Бір түннің ішінде, бүкіл өмір бойына жетер сынақтан өтіп, қатты шаршап-шалдыққан Көшен ауыл адамдарына жымыып қана күлді.



Жал-жал толқындармен жанталаса арпалысқан бала бірте-бірте қорқыныштан арылып, қайығынан айырылмаса, қауіп жоқ екеніне көзі жетті. Әлден уақытта толқындар сиреп, жел бәсеңдегендей болды. Теңіз сабасына келе бастады. Қайық белдігіне тартылған арқаннан Көшен қолын босатты. Екі қары салдырап, жансызданып қалған. Саусақтарын бүгіп қайта ашқанда алақаны қан қақсады. Көшен есін жиып маңайын бағдарлай бастады. Еш нәрсе болжап болар емес. Мезгілдің қанша екені тағы беймәлім. Теңіз суының қайыққа соққан әлсіз шылпылы болмаса, өлі тыныштық. Қатты шаршаған Көшен қалай көзінің ілініп кеткенін байқамады. «Әй бала» деген тосын дауыстан шошып оянды. Көзін ашқанда көргені өзіне үрейлене қарап тұрған бірнеше бейтаныс адамды көрді. Маңай жап-жарық, таң әлдеқашан атқан. Мұны жетектеп үйлеріне ертіп келді. Көшеннің әп дегенде көзіне түскені шөпшілер қосынан қарағанда шығанақ теңіздің арғы бетінен мұнарта көрініп, теңізге сұғынып тұрған таудың дәл жанында тұрғаны. Мен сонда шығанақты кесіп өткенім бе,— деп ойлауын ойлағанмен әлі сенер емес. Яғни өзін тауып алғандар келесі жағалықтар. Өзінің кім екенін, қалай теңізге шыққанын, ауылының қай тұста екенін айтқанда әлгілердің бірі: Арғы жағаға шөпшілер келді деп еді, сол ауылдың баласы болды, япыр-ау, құдайдың қарасқаны екен, жазған бала деп мүсіркеді. Түндегі шығыс желі Көшенді желқайығымен ықтыра-ықтыра оң жағадан шығарған. Өздерімен өздері болып,



малдарының жайында отырған шағын ауыл екен, таңертеңгісін мал айдап жүрген бірі қалқып тұрған жел қайықты көрді. Бар жағдай осы. Енді азғана күнде оқу да басталады. Қос басында теңізге телміре қарап отырған Көшен: Мен жайында бүткіл ауыл естіген болар, – деп ойлады. Орақшы әлдебір темірді төске салып, төпелеп жатыр. Шөп ауыл баяғы тірлігіне көшкен. “Моторлы қайығым болса, тәйірі шығанақ теңіз не болыпты, күніге сан мәрте кесіп өтер едім”, – деп күбірледі Көшен. Теңізге қарап әлі көзін алар емес. Немересінің жан дүниесін сыртынан сезген Салиха кемпір: “Япырым-ай, қаны құрғыр жібермей тұр-ау”, – деді.



## ҚАРА КҮШІК

Әнуардың торғайдай басы торға түсті.

Болмашы нәрсенің аяғы үлкен дауға ұласып, мектеп директорынан бастап, қарауыл Асанға дейін бұл істі шешуде үлкен «белсенділік көрсетті».

Екі мыңдай бала оқитын мектептің бар шаруасы таусылып, барлық қылмыс атаулы ауыздықталып, көзі қып-қызыл болып арақ сасып жүретін, бұлар тұратын шағын ауданның инспекторы Төлеш мелиса - Әнуарды «тергеуге» барлық ынта-жігерімен кірісті.

Аяғы еденге жетпей салбырап, айыпкер орындығында Әнуар отыр.

Бастауыштың төртінші сыныбында оқитын бұған түсініктеме жазуын бұйырып, қабағынан қар жауып Төлеш тұр. Елді дүрліктірген оқиға былай болды.

Әнуардың ауылда тұрған кезіндегі күшік «ауруы» қалаға көшіп келген соң, сәл бәсеңдегендей болған сияқты еді.

Әкесі мал ауылдан әкеліп, күшік күнінен бір елі қалмайтын «Торғын» атты төбетін, көшерде көршісі Ақан шалға қалдырып кеткен. Бұлардың жүгі



тиелген көлікті едәуір жерге шығарып салған есті төбет – төбе басында шоқиып отырып қалған. Осы бір сурет Әнуардың көпке дейін көз алдынан кетпей қойды.

Амалдың тұсында ауылдағы ағайындарға көрісіп қайтуға мұны апасы өзімен бірге ала барған. Ауылдағы қара домалақ достарын, аяғы күс-күс болып, қозы жайған Қаратауын көргенде Әнуар қатты толқыған. Аялдамада кездескен ауыл адамдарымен аман-саулық сұрасқан апасын күтіп, тор қалтаның жанында қаннен - қаперсіз тұрған бұған ту сыртынан біреудің асыла кетпесі бар ма? Бейқам тұрған бұл құлап кете жаздап, артына қарағаны сол еді, тілі салақтап, арсалақтап тұрған Торғынын көрді.

Кемді күн болса да ауылдағы достарын көріп, итінің амандығын білген бала көңілі байыз тауып, қалаға көңілді оралған.



«Көзден кетсе, көңілден кетеді» деген, Торғынды ойлауы сиректеп, оның үстіне әр қадамың санаулы қала тірлігі Әнуарды бір қалыпқа түсірген.

Арнап шақырмаса, бір-бірінің есігінен қарамайтын қасиет қалалықтар дәстүрінде жазылмаған ереже.

Ауылдағыдай достарының үйіне тасыр-тұсыр кіріп барып, шай ішіліп жатса – шайға, ет желініп жатса – етке, мұрынды бір тартып қойып кірісіп кету мұнда атымен жоқ.

Бойына сіңген ауылдық салт, баяғы базар көңілмен бірлі-жарым қалалық достарының үйіне шақырусыз барған Әнуардың тауы шағылып қайтқан. Үйіндегілер тірлік қамымен кетіп, төрт қабырғаға қамалған мұның іші пысып, бірден өзімен бірге оқитын Аликке (шын аты Әлихан) барып шүйіркелесіп қайтуға бекінді.

Есікті Аликтің өзі ашып, бұған үрке қарады. Арғы жақтан шашы бұйралауға арналған резеңкені басына топырлатып қойған етжеңді әйел көрінеді. Әйел мұны басынан аяғына дейін бір шолып өтіп: «Алик английскимен заниматься етеді, сыртта күте тұр», – деп салды.

Әнуар басы салбырып үйіне қайтқан.

Сол күннен бастап, қалалық достарының үйіне бармақ түгілі, олардың есігінен қарауды басынан біржола шығарып тастады. Бүйрегiнiң неге бұрғанын қайдам, үсті-басына қылау түсірмей, мұнтаздай болып таза жүретін, өзін мақтағанды сүйетін Кадр (шын аты Қадірбек) деген баланың мұны үйіне шақырмасы бар ма!



«Ануар, біздікіне кел, кешке пахан аквариум доставать етемін деп обешаит еткен, соны келіп көр», – деді.

Ешкімнің үйіне аттап баспасын деп өзіне берген уәдесі аквариумды айтқанда есінен шығып кетті.



Аквариумның о жағынан бір, бұ жағынан бір шығып, ондағы балықтарды тамашалап жүрген Әнуар өзін теңіздің түбінде жүргендей сезінді. Екеуінен басқа ешкім болмағасын ба, ол өзін бұл үйде еркін сезінді.

Бір мезетте жарлас бөлмеден тысырлаған бір дыбыс естілді. Кадр: «Жұр, Тарзанды прогулкаға шығарайық», – деп әлгі бөлмені ашып қалғанда, мұның аузы ашылап, көзі атыздай болды, есектей болған қасқыр ит диванда шалжиып жатыр. Ескі жараның аузы қайтадан ашылды.

Үйіне қайтып келе жатқан мұның басында тек бір ғана ой тұрақталған. Ол – ит жөніндегі ой.

Қалада да ит ұстауға болатынын баласы айтып, ұрықсат сұрағанда, апасы: «Олардың үйі кең мына екі бөлменің біреуін итке берсең, өзің қайда жатасың? Үйге келетін келім-кетім қонақтарды қайтеміз? Біраз ақша жинап, мына үйді үш бөлмеге ауыстырсақ, асырарсың», – деп майдалап түсіндіріп, мұны райынан қайтарған.

Арада бірнеше күн өткен. Жексенбі күні таңертеңгілік шайды ішіп отырғандағы әкесінің әңгімесі болмаса, жабулы қазан жабулы күйінде калып қояр ма еді, қайтер еді?!

«Япырым-ай, Николай шалдың қаншық иті жалғыз күшік туыпты, асыл тұқымды ит бір ғана күшік туады деуші еді», – деп онсыз да, ит десе бойына ас батпайтын Әнуарды елең еткізген. Енді есіл-дерті сол күшікті көру болды.

Николай шал Әнуарды іш тартатын.





Жоғарғы қабатқа су көтерілмей қалғанда, төменнен суын алысып көмектесіп, не үйде сақталған су болса, бір шелегін бере салып, басқа оны-мұны шаруаларына қол ұшын беріп, жалғызілікті шалдың талай алғысын алған. Апыл-ғұпыл киініп, іскер адамдарша қапылып жатырған баласына: «Қайда барасың?» – деп таңырқай қарады апасы.

«Ешқайда!» – деп жауап қатты Әнуар, бала атаулыға тән жауаппен.

Жан-жағына бұрылмастан шыға салысымен, орыс көршісінің есігін қақты.

Саналы ғұмыры қазақтармен өткен Николай қазақша сөйлегенде, кейбір қаланың қазақтарын жаңылтады. Есікті ашқан Николай шалға сәлемін шала берген Әнуардың көзі бірден енесінің бауырында жатқан, әлі көзін ашпаған, тышқаннан сәл үлкен тіршілік иесіне түсті. Ауық-ауық қыңсылаған дыбыс шығарып қояды.

Әкесінің айтқаны рас болып, шын асыл тұқымды күшік болса қалайда қолға түсіруге белін бекем бұды. «Апамды бірдеңе қылып көндірермін, бұл күшік өскенше кең үйге де қолымыз жетер», – деп өзін іштей жұбатты. Біреуден бір нәрсе сұрағанда жақсы емес, жүрегі жиі соғып алқымына келді.

– Дядя Коля! Мына күшікті маған беріңізші! – деді көзін күшіктен алмастан.

– Ануарчик, саған бермегенде кімге беремін, да ради Бога, ал. Только бойы қатып, самостоятельно болсын, – деді.



Сол күннен бастап Әнуар, күндіз – күлкісінен, түнде – ұйқыдан қалды. Ойлайтыны – қара күшік. Үнемі ой үстінде, сабақ кезінде терезеге қарап отырады, оқуының төмендеп кеткендігі жөнінде мектептен шағым түсе бастады.

Көзі жәудіреген қара күшікті бауырына басып, өзіне айыпты адамдай жасқана қарап тұрған ұлын көргенде, Әселдің іш-бауыры елжіреп, жаны ашып кетті. «Бақсаң баға ғой, тек оқуыңды түзе!», – деп баласының басынан сипады. Сәл нәрседен көңілі қалып, болмашыға мәз болатын бала көңілі жадырап сала берді.

Қара күшік үй ішіне үйреніп кетті.

Күндердің күнінде Әнуарға мынадай қызық ой келді. Ол ойы: үйде жалғыз қалатын күшігіне жаны ашып, оны мектепке өзімен бірге ала кету еді.

Несі бар, мектепке алып келеді, көптен нысаналап жүрген көп ешкім ашпайтын шағын бөлмеге салып қояды, үзіліс сайын қарап, «хабар» алып тұрады.

Өзінің тапқырлығына қатты риза болған Әнуар, қара күшігін қағаз дорбаға салып мектепке әкеліп, шағын бөлмеге орналастырып, үзіліс сайын қарап қойып жүрді. Күшігі үйде де, мектепте де жанында. Әнуардың төрт құбыласы түгел еді.

Бұл қуаныш ұзаққа созылмады. Қоңырау соғылып, күшігін байқап келуге жүгіре шыққаны сол еді, оны қамаған бөлменің жанында топырлап жатқан бір топ баланы көрді. Жүрегі зу ете қалды. Жан ұшыра жүгірген Әнуар, әлгі топқа қалай жеткенін сезбей қалды. Мұрты тебіндеп қалған, бойы



сорайған ұзынтұра жоғарғы сыныптың бір баласы күшікті күшағына алып, басынан сипап тұр.

«Әкел бері, ол менің күшігім!» – деп жандәрменге салып, ызалана күшікке жармасты.

«Кет-ей, жынды ма мынау? Қаңғып жүрген күшікті менікі деген несі?» – деп мұны кеудесінен итеріп жіберіп, шалқасынан түсірді.

Томашадай баланың не салмағы болсын? Көзінен жасы ыршып кеткен Әнуар қаладан үйренген орысша боқтығын қоса айтып, ұзынтұраға қайта жармасты. Ұзынтұра шынтағымен мұның тұмсығына сақ еткізіп, қайтара шалқасынан түсірді.

Әнуардың мұрнынан қан сау ете қалды. Бұларға қарай жеделдетіп келе жатырған мектеп директорынан қорықты ма, ұзынтұра бұған күшікті ұстата салып, ығысып кете барды.

Қызық көруге жиналғандар тез тарап, оқиға орнында қара күшік пен Әнуар қалды. Сынып жетекшісі келіп, мұрнының қанын жудырып, оны күшігімен бірге мұғалімдер бөлмесіне ертіп келді.

Кім хабарлағаны белгісіз өкпесін қолына алып, фуражкасы қисайып кеткен Төлеш мелиса келді. Қарауыл Асанның шұғыл қызметі болуы керек. Мектепте әлдеқандай оқиға болса мелиса шақыру Асанның құзырында және оның сүйікті кәсібі болатын.

Мынадай оқиғаның мектеп тарихында бірінші рет болып тұрғандығы сөз болды. Телефон шалып жұмыстағы апасын алдыртты.

«Сіздер «Тез жетіңіз» дегенге, балама бір жағдай



болды ма деп қатты қорыққаным!» – деді мамасы. «Бала ғой, бір білместік болған екен, кешіріңіздер!» – деп мұғалімдерден мұның атынан кешірім сұрады. Басқа ләм-деместен Әнуардың қолынан күшікті алып, үнсіз шығып кетті.

Мұнша көп адамды тұңғыш көрген байғұс күшік әркімге жаутаңдай қарап, осының бәріне өзі кінәлідей сезініп, моп-момақан болып қалып еді.

Әнуардың күшікті ешкімге ұстатқысы келген жоқ еді, апасына амалсыз берді. Оның ашулы екенін өзіне қараған көз жанарынан байқаған.

«Сен жаза алмасаң, сенің атыңнан мен жазамын, тек сен, бәрін растап қолыңды қоясың, бүгіннен бастап мелисаның тізімінде боласың!» – деді Төлеш мелиса.

Еш нәрсенің бабына түсінбеген Әнуар бала, оның көрсеткен жеріне мұрнын тартып қойып, өзінің фамилиясын жазды.

Басы салбырап, сыныбына қайтып келді. Ойына қара күшігі оралды. Апайының жанын салып түсіндіріп жатқан сабағын да тыңдаған жоқ.

Балаларға қосылмай, үйіне жалғыз қайтты. Мұның көңіл-күйіне қарап, болған оқиғаны көрген көрші қыз Әмина аяныш білдіріп, ере түсті де, Әнуар үндемегесін, ол да үйіне бұрылып кетті.

«Апам ренжіп, күшікті қаңғыртып қоя берген болар», – деген суық ой басын бір шарпып өтті.

Апасы кешіреді! Қай ана баласын кешірмейді? Адам өлтірген жоқ қой?! Өзімен-өзі болып, іштей өзін ақтап келеді.



Кілтімен есікті ашып, дәлізге ене бергені сол еді, басын бір жағына қисайта қарап тұрған қара күшігіне көзі түсті.



## “МЫЛЖЫҢ”

“Қолда өскен түйенің тайлақ аты қалмайды” деген, мұрты тебіндеп, бойы серейіп, өткен жылғы сатып алған шалбары тобығынан келіп, есейгенмен, осы бір “мылжың” деген қосалқы есім Сәдірмен бірге жасап келеді. Төменгі сыныптарда “мылжың келе жатыр, “эй, мылжың, көмектесіп жібер”, “ей, мылжың әрі отыршы” дегендерді көп елемейтін. Есейе келе ой талқысына салып қараса, бәлендей жанға жайлы тиіп тұрған сөз емес екен. Рас, кішкентай кезінде әңгімеге үйір болғаны бар. Оның үстіне бір көргенін немесе естігенін ұмытпайтын. Бірде тарихтан беретін Әмина апай кезекті жаңа тақырыпты түсіндіріп болып, енді соны оқулықтан өз беттеріңше қарап, толықтырындар деп тапсырма беріп, сынып журналына шұқшиып, әлденелер жазып отырған. Басын бір көтеріп қарағанда кітаппен ісі жоқ, қаламсабымен сызғышты зырылдауық қылып ойнап отырған Сәдірге көзі түсті. Басына қонсын, қонбасын бүткіл бала ниеті құбыла, танаулары шуылдап, кітаппен болып жатырса, Сәдір жайбарақат жаны жайлауда отыр. “Сен немене бәрін оқып біліп, жетісіп отырсың ба, қане көрелік”, – деп



жаңа тақырыптан әлдеқандай сауалдар берген. Сәдір ұнтаспаға жазып алғандай саулатып тұрып үтір, нүктесіне дейін өзінің түсіндірмесін қайталап айтып беріп, Әмина апай жағасын ұстаған.

Өзінен үш жас үлкен ағасы Сәдірді апта сайын бір рет болатын киноға ертіп барады. Клубтан келген бетте күншуақта көрпе көктеп отырған кәрі шешесіне фильмді түсінген жерін сөзбен, түйсігіне кірмеген көріністерді қимылдарымен көрсетемін деп дінкесі құритын. Соғыс жайлы фильм көріп келсе, біраз жаны қиналады. Кемпірдің о жақ, бұ жағынан бір шығып: “Әже ана бар ғой, орманның ішінен көп неміс шыға келді, – деп бастап, арасында фильмнің сазды әуенін ауызбен салады. Бір емес, екі ұлын бірдей соғыс жалмаған кәрі кейуана жасап отырған ісін доғара салып: “Қырғын тапқырлар, ол жалмауыздар қайда бара жатыр?!” – деп бар ұнтасын Сәдір қойып жатырған “тірі киноға” аударады. Сөйтіп, “аңқау”



немістер салтанатпен шерулетіп келе жатқанда “сәбеттер” тұтқиылдан шабуыл жасап, жауды қырып салады. Немістердің алдынан келгенін тістеп, артынан келгенін теуіп көрсетем деп, Сәдір көктеліп жатқан көрпенің ойран-ботқасын шығарады. “Сәбеттердің” ұрыс қимылдарына тәнті болған кемпір: “Өй, айналайындар, соғың, ұрың, басын езіп тастаңдар, – деп Сәдір екеуі жауды біржола талқандап, көктеп отырған көрпесіне қайта кіріседі. Кино соғыс жайлы болмай бейбіт өмір турасында өрбісе, кемпірдің ондайларды тыңдауға көп құлқы жоқ. “Николай бүйтті, оған Семен келіп, былай деді, – деп сапырып отырған Сәдірге” Ту, мылжың неме, басымды қаңғыттың ғой, орыстардың ішкен-жегенін айтып, барып біраз ойнап келші”, – деп ісін жалғастыра береді. “Қыз Жібек” не “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” фильмдеріне келгенде, әжесі Сәдірге көп ауыртпалық салмай, Ақжайықтан Төлегенді өзі аттандырып, таудан Қозыны ертіп келіп Баянға өзі табыстырып, Бекежан, Қодар секілді сотқарлардың сазайын өзі тарттыра салады.

Жылдар жылжи өтіп, Сәдір есейіп келеді. Бірақ кей-кейде мылжың атақ қылаң беріп қалады. Ақыл-есінің жетілгендігі болар, кәрі құлақ үлкендердің жүйелі әңгімелерін көкейіне түйіп, оны келесілерге тігісін жатқызып айтып беретінді шығарды. Әңгімені айтпақ былай тұрсын, ұқпайтындар үшін Сәдірдің “Мылжың” атағы өз күшінде. Өткенде аттай алты сабақтан қалжырап, мектептен келе жатырған беті еді. Көше басындағы үйдің жанында отырған екі қыз





бұған қарап: “Бір әңгіме айтыңызшы”, – деп күліп қаша жөнелген. Өзін мылжың деп, келеке етіп бара жатырғанын Сәдір түсінді. «Кез келгенге күлкі болып, бүйтіп көп біліп, көп оқығаны құрсын», – деп ойлап жабырқап қалды.

Түскі асын ішіп болып, тыңығып жатқаны сол еді, басына тосыннан бір ой келе қалғаны. Бұл үндемей баққысы келгенмен, қанда бар бір тылсым күш тілін өзіне бағындырмай жібереді. Жасы үлкені бар, кішісі бар, бастары қосыла қалса, кейбіреулер білгішсініп, бір жерден оқығанына өзін басты кейіпкер қылып, өтірікті шындай қылып отырғанда Сәдірдің қысымы көтеріліп, шыдамы түгесіледі. Бірде топталып әңгімелесіп отырғандардың үстінен шықты. Ортада – Әшірбек. Өзінің танауы делдиіп кеткен, басынан өткен әлдебір қорқынышты жайды әңгімелеп отыр. Жанындағы шал-шауқан, бала-шаға ауыздарын ашып, ұйып тыңдап отыр. Әңгіме төркіні былай: Әшірбек тауда қой бағып жүреді. Өзі жүректі батыр, еш нәрседен қорықпайды, әсіресе, жыланнан биті де сескенбейді. Алдынан кездескен қара шұбар жыланды тірілей ұстап алып, біраз ермек етіп ойнайды. Бір мезгілде жылан мұның білегіне оралып қыса бастайды, бұл да қасарысып, жыланды босатпай ақыры өлтіреді. Содан оң қолым жиі ұйып, икемге келмейді деп қолын созып, тындаушыларына көрсетеді. Үрейі ұшып тыңдап отырғандар Әшірбектің жылан ораған білегіне үрке көз тастайды. Әшірбектің әңгімесі Сәдірдің күлкісін келтірді. Қас қарайса болды, дәретке жалғыз шығуға қорқып,



әйелін, екі баласын шұбыртып ертіп жүретін Әшірбекке қайдағы батырлық?! Ал, оң қолдың ауруына келетін болсақ, ол былай болған. Әшірбек сары інгенін Қабдештің бурасына көрсетпек болады. Қабдеш үйінде жоқ екен. “Айғыр малдың жазымы көп, абайла!” – дейді Қабдештің кемпірі, бура тұрған жабықтың кілтін беріп жатып. Бұл жабықты ашуы мұң екен, құтырып, тісін шықырлатып, күркіреп келе жатқан бураны көріп, інгенін тастай қашады. Сасқаннан алдындағы арықтан өте алмай құлап, оң қолын қайырып алады. Оң қолының ауруының бар тарихы осы. Ал Әшірбектің “батырлық” хикаясын Сәдір бұдан төрт жыл бұрын “Жас Алаштан” оқыған. Осындай адам төзбес өтірікке қалай шыдайсың. Біліп тұрып айтпасаң сөздің атасы өледі, – деген тағы бар. Сенікі дұрыс, бірақ дұрысын айтсаң “мылжың” атанасың.

Алдағы уақытта үндемеске, тек сұрағандарға болмаса, онда да ешбір қалжыңсыз, шын ниетімен. Сәдірдің өзімен өзі кеңесіп, шешкені осы. Өзінің көңіліндегі қызықты оқиғалар бар, естігендері бар, қағазға түсірмек болды. Алдына осындай мақсат қойып, алғашқы шағын әңгімесін балалар газетіне жолдады. Арада бірнеше күн өтті. Бәлендей шаруасы болмаса да, ауыл баласына көшеге бір шықпаса ас батпайды. Сол әдетпен көшеге шыққан Сәдір поштаның жанынан өтіп бара жатып, бірнеше адамның өзіне назар сала қарағанын сезді. Кенет әлгі топтан пошташы келіншек бұған қолын бұлғап: – Әй, Сәдіржан, сенің әңгімең шығыпты, – деді. Сәдір поштаға қалай жеткенін сезбей қалды. Дабырлаған



дауыстардың бірін де естіген жоқ. Газеттің орта бетіндегі өз әңгімесін көріп, жүрегі жарыла жаздады. Шағын әңгімені тездете оқып шықты. Азғана өзгертіпті. Осы сәттен бастап, Сәдірге үлкен өмір жолы ашылғандай болып көрінді.

Ертеңіне мектепке үлкен көңіл күймен келді. Мектептегі барлық әңгіме Сәдірдің газетке шыққан әңгімесі төңірегінде. Қызығып, қызғанып қарағандар да жеткілікті. Ұзақ үзілісте мектеп директоры мұны бүткіл баланың алдында құттықтап, қолын қысты. Сәдірдің шағын әңгімесін бір бала дауыстап оқып шықты. Сол күннен бастап, Сәдірдің “мылжың” аты біржола өшіп, бұған жұрттың бәрі құрметпен қарайтын болды. “Үлкен жазушылар да бала күнінде “мылжың” болды ма екен?” – деп ойлады Сәдір.



## СОБАЛАҚ

Ақанбай шалдың қыстауы жан-жағы тау, ықтысын, алды жазық, шөбі шүйгін жерде орналасқанымен, мыңнан асып жығылатын отарға тарлық етеді. Азғантай жайылым мыңғыраған малмен тұяқ кесті болып, жазғытұры көктемге дейін тұяқ сүйреткендей топырағы аспанға шығып, ит байласа тұрғысыз мекенге айналады. Соны ойлап, шаруамен көзін ашқан кәніге малбегі Үстірттен отарын жылы ойға құлатысымен ферма бастығымен келісіп, әрі кеткенде алғашқы қарға дейін күзеуде қостанып отыра тұруды жөн көрген. «Е, болсын», – деп ферма бастық Жетпісбай, бар саналы ғұмырын мал бағумен өткізген Ақанбайға сөзге келместен бас шұлғи келіскен. Қойдың қырық түрлі қайыруын бес саусақтай білетін, қай жырада қандай шөп өсетінін, оның қой малына жұғымдылығын, қай шөптің қай мезгілде пісіп жетілетіндігін жатқа соғатын сары даланың қожайынына қарсы айтар уәжі де жоқ еді. «Үркерлі айдың бәрі қыс» дегенімен өткен үш-төрт жылдың осы мезгілге тұспа-тұс келер кезеңдерін салыстыра келіп «Күз жаңбырлы болады», – деп топшылады Ақанбай. Сонау ата-бабасынан қала берді

өз әкесінен бері жалғасып, келе жатырған ауа райын болжайтын қарапайым далалық үрдіс ешқашан мұны табаға қалдырып көрген жоқ. «Бәлен жерде қар жаууы мүмкін, бәлен жерде жаңбыр жаууы ықтимал» деген радионың екіұшты болжамына құлақ асқанымен оған сенген кездері некен-саяқ. «Маңғыстауда жаңбыр жауады» деген радионың айтқанына иланып малдарын уақытында суармай шөлден қырып, отардың орнын сипап қала жаздаған қойшыларды да көрген. Отарды ортаншысына айдатып, тракторға ықтырмасын тиетіп, үлкен ұлын келіншегімен соңынан ілестіріп жіберді. Қыстау басында үйемелі-сүйемелі үш немересімен өзі



қалды. Ойға құларда дамылсыз мініліп келген екі атты тынықсын деген оймен және алып қалды. Күзеуге барып жайғасқан соң тракторымен қайтып келіп, мініп кетер деген әкесінің ішкі есебін екі баласы айттырмай-ақ түсінді. Жайыла айдалған отардың соңынан әудем жерге дейін еріп, екі қолын кезек-кезек сермеп әлденелерді айтып келеді. Трактордың тарылынан еш нәрсені естіп болар емес, бірақ айтып жатыр. «Дәуде болса шаруаның жайы болар» деп үлкен ұлы анда -санда басын изеп қояды, әкелі-балалылардың қылығына келіні еріксіз жымыып қана күледі. Шаруаның, сонысын әкешесінің жастарының ұлғаюына қарайлап, екі ұлы: Не оқимыз, не орталыққа көшеміз, – деп қыңқылдаған жоқ. Әскерден оралған соң, үлкен ұлы қой қырқымда болған кезінде, қойы қоралас, қоңсысы Тағанның қызымен сөз байласып, ақыры үйленіп тынды. Шүкір, немерелі болды, кемпірі қолын жылы суға салды. Сөйтіп, келіні мал ауылдың қызы болғандықтан шаруадан көп ұзай қоймады.

Өзі ойын ашық айтпағанмен: Бәленшенің қызына сөз салыпты деген ортаншының хабары да дүңкіл-дүңкіл естіліп жатады. «Бұл да көп ұзамас», – деп қояды кемпірі.

\*\*\*

Талқан қазан өтіп, қарашаның алғашқы он күндігі жауынды-шашынды болды. Көптен жаумай кереленіп тұрған күн тоқтамастан үш күн, үш түн жауып, соңы бүркісінге айналып толастады. Арты

қарға айналып, не қатырып тастар ма екен деп күдіктенген Ақанбай шал төртінші күні жаңбыр басылғанда барып көңілі бірленді. Аспан ашылып, күн шығып, жер бусанып, кәдімгі жазғытұрғыдай болған табиғат, алда әлі үш ай тоқсан қыс бар екенін ұмыттырып, маужырай қалды. Сегізіншіде оқитын кенжесі Несіпбай алғашқы тоқсанның күзгі демалысына кеше ғана келген. Бірлі-жарым күн тынығып, кішкентай туыстарын ойнатып, үй маңының әжік-күжік шаруаларына қол ұшын тигізді.

Ертеңгілік шай үстінде шал кенжесіне қарап: Қалай балам, ағаларыңның жағдайын біліп, ұн-пұн, шай-шекерін апарып келмейсің бе? – деді қиғаштай қарап. Жаз бойы ағаларынан оталдырып, жүргізуін үйренген Несіпбай тракторды қозғауға сылтау таба алмай жүрген, сөзге келместен қуана келісті. Кенжесін әлі жас көріп, шыж-быж болған кемпірін: «Мен мұның жасында әкем екеуміз Орынборға етке мал айдап барғанбыз», – деп тұқыртып басып тастады. Шалының алған бетінен қайтпасын білетін сыр мінез кемпір, күңкіл-сүңкілден әрі аспады. Үлкен ағаларындай әуелі майын-суын тексеріп, алдыңғы дөңгелегін бірнеше рет теуіп-теуіп жіберді. Трактордың капотын көтеріп, әлдебір тетіктерін ашып-жауып, оталдыру қамына кірісті. Қыртыс-қыртыс тісі бар доңғалақты ілгерілі-кейінді айналдырғанда, трактордың моторы ысылдап-пысылдап дыбыс берді. Үш немересі жандарында кемпір мен шал состиып сыртынан, сонадайдан Несіпбайдың қол алысын жіті бақылап тұр.



Мотордың оталуына көмектесетін босатқыштын дөңгелегіне құлаштай май сіңген арқанды орап, күш сала тартқанда, алғашқысында еш дыбыс болмады. Тағы да бірнеше рет пысылдатып, екінші рет тартқанда барып трактордың босатқышы бүткіл қыстақты көшіре арылдай жөнелді. Несіпбай қолы-қолына жұқпай бір тұтқаны өзіне қарай тартуы мұн екен, трактордың үстіңгі тұрбасынан қара түтін бұрқырап, арқырай оталды. Кабинаға еніп, әлдебір тетігін бұрап, мотордың дыбысын бәсеңдетті. Мотордың қысымы қалыпқа түсіп, суы көтерілгенше кішкене дамылдап, трактор от алған кезде сүріне-қабына жанына жеткен үш туысқанын отырғызып, құдық басымен бір оралтып әкеліп түсірді. Ағаларының көлікке мінгізіп, бой жаздырғанына риза болған олар, іркесе-тіркесе жетіп, әжелерінің етегіне оралып жатыр. Шал да риза, қолын артына қайырып, ұстаған күйі басын шалқайта ұстап, жөткірініп қояды. Несіпбай кәдімгі тракторшылардай май-май қолдарын сүртіп, үйге беттеп келеді. Ертеңіне түскі асын ертелеу ішіп, жолға шықты. Қыстау алдындағы белден асып кеткенше әкесі артынан қарап тұрды. Түс ауа өндірістің жолы өтетін ойға келгенде көргені топталып тұрған машиналар легі болды. Жақындай келе байқағаны жол бастап келе жатырған, тіркемесіне ұзын-ұзын тұрбалар тиеген Краздың жанбастай батпаққа сіңіп жатқаны еді. Трактордың рөлінен көрінер-көрінбес болып, кабинадан түсіп жатқан Несіпбайды көріп бірнеше жүргізуші бұған





қарсы жүрді. Біреуі қаба сақал орыс шалы, қалған үшеуі орта жастағы қазақ жігіттері екен. Бұл кетіп бара жатқан бағытын айтқанда, бір қазақ жігіті орысша-қазақша аралас: «Так, інім, бесполезно, біздің тұрғанымызға екі сутка болды. Ертең бізге К-700 келеді, сол келген соң, бізбен бірге жүресің, әйтпесе мына болота өткізбейді.», – деп мән-жайды түсіндірді. «Қап, әттеген-ай ертең шыққанымда жер кебер ме еді, қайтер еді» деп, ішінен бір ойлап қойды бұл. Тракторын сөндіріп, әлгілердің қасына келді. Олар ананы-мынаны айтып, өздерімен-өздері болып жатыр. Әңгіме арасында бұған көз түскен біреуі «Інішек қорықпа, бүгін бізбен бірге боласың, азық-түлік жеткілікті, тек нанды азырақ алып шығыппыз, кеше ғана таусылды» деп шынын айтты. Нансыз басқа тамақтың берекесі бар ма?! Әлден уақытта есіне бір нәрсе түсіп кеткендей ұшып тұрған Несіпбай: «Сіздерде таза шелек бар ма?» деді оқыстан. Аң-таң болған жүргізушілердің бірі шелек әкеліп берді. Ағаларынан көргенін істеп, трактордың тіркемесінен жарты шелек ұн әкеліп, қамыр илей бастады. Тұз салып, қамыр әбден дайын болған кезде бетін жауып бөлек қойды. Жақын маңнан кураған сораңның томашын шауып әкеліп, алаулатып от жақты. Жүргізушілер таңырқасып қарап қалыпты, әйтеуір мұның нан пісіргелі жүргенін сезіп отыр. От жанып болып, әлі ыстығы басылмаған қоламтаға, әлгі илеген қамырынан бірнеше шелпек дайындап, көміп тастады. Арада сүт пісірімдей уақыт өткенде, бірнеше ыстық собалақты



серіктерінің дастарқанына әкеліп қойды. Екі тәуліктей нан көрмеген, оның үстіне мынадай тәсілмен тағайындалған нан дәмін тұңғыш татып тұрған олар бір-бір собалақтан алып, шетінен үзіп жей бастады. Собалағын жартылай жеп болған қаба сақал орыс шал Несіпбайға қарап: – Как называется вот это хлеб? – деді шын риза болған кейіппен.

– Собалак, – деді Несіпбай.

– Собалак, собалак вес союз объезжал такого вкусного хлеба никаком ресторане не ель, – деп ағынан жарылды.

Ертеңіне жол айрығына келіп, қоштасарда жүргізушілердің бірі келіп: – Сау бол, інім, сендей қазақ баласымен қандай қиын жолға болса да бірге шығуға болады, – деп қолын қысты. Бала болса да адамдардың бір керегіне жарағанына қуанып, өзін кәдімгі ересектердей сезінген Несіпбай тракторын тарылдатып, күзеудегі ағаларына бағыт алып бара жатыр.



## ҰЙҚЫСЫЗ ТҮН

«Туған ай – туралған ет» деген. Кеше ғана басталған тамыз айы бітуге айналып, енді бірер күнде қылтиып қыркүйек те басталмақ. Жаз, жайлаудың қызығы өтті.

Ескен жаз бойы әкесіне көмектесті. Қой құрттау, қой түнету, түнектен қайтқан малды суару – жайлаудың жазылмаған жұмыс тәртібі. Жайлаудың қызықты сәттері де өз алдына бір төбе. Ауылға көшпелі кино келгенде – бала-шаға бір мез болып қалады. Киношы Қожан «Көксеректі» көрсеткенде – ала төбеттің өзі ырылдап, экрандағы қасқырларға айбат шегіп, қойшыларды күлкіге қарық қылған. Автодүкен ауылдарды бір аралап өткесін, оның соңын ала қойшылар бірінің аулына топ болып қыдырып барып, карта ойнап, кейде «ащылап» қойып, шекелері қызып қалатын сәттер да болмай тұрмайды. Арагідік шілдехана, пішпе той сияқты шағын мерекелер де бой көрсетіп қалады.

Ескен атын тұсап, үйге енсе, әкесі «Шалқардан» тартылған қоңыр күйдің әуенімен шоктың шайын сараптап отыр екен.

– Өткен жылы бала жинайтын көлік уақытында



келмей, үш-төрт күн оқуыңнан қалып қойдың, жуынып демал, кешкісін пойызға отырғызып жіберейін, – деді Ескенге қарап.

Шешесі жаңа киімдері мен жолға азық дайындады. Сосын: «Оралдағы апаңа саларсың, пошташы Азанғалиға берсең өзі жөнелтеді» деп азын-аулақ ақша берді.

Әкесі екеуі бір атқа мінгесіп, бес-алты шақырым жердегі теміржол бекетіне қас қарая жетті. Машиниспен келісіп, әкесі Ескенді қосалқы тепловозға отырғызған. «Таң атқанша жатып ұйықтармын», – деген ойы тас-талқан болды. Қара темірінен май шығып тұрған тепловоздың ішінде, жатпақ былай тұрсын, отырудың өзі азап еді. Былай-былай қимылдасаң болды май-май болып шыға келесің. Біраз отырғасын, іші пысқан бұл тепловоздың тетіктерін қызықтай бастады. Тоқтың күшін, судың ыстығын, мотордың қысымын көрсететін құжынаған приборлар. Адамның қолы кейде ақылыңа бағынбай кететін кездері болады. Ескен айырып-қосқыш сияқты бір тетікті басып қалғаны сол-ақ екен бұл отырған қосалқы тепловоздың күрк-күрк етіп барып, өшіп қалғаны. Жүрегі ұшып, қорқып кетті, маңайына алақтап, машинистерді іздеп еді олар көрінбеді. Жүгіріп барып, далаға көз салып еді пойыздың жүрісі, бағанадан гөрі, бәсеңдеп қалған секілді. Енді аз уақыттан соң, тіпті, тоқтап қалатындай көрінді. Ұйқысы шайдай ашылып, тұла бойын үрей билей бастады. «Бала жинайтын көлік уақытында келгенде мұның бірі де болмас еді», – деп, бір ренжіп алды. Сөйтіп отырғанда

әйтеуір, көмекші машинистің қарасы да көрінді-ау. Біресе әндетіп, біресе ысқырып, қолының майын сүрткен күйі мұның жанына жетті.

– Қалай, братишка бәрі мұз ба? – деп, мұны арқасынан қақты. Оқсаулы бір шапалақ күтіп отырған Ескен үстінен ауыр жүк түскендей еркін дем алды.

– Аға мына тепловоз өшіп қалды ғой? – деді көмекшіге, мүмкін, сезбей тұрған шығар деген оймен.

– Тегіс жолға шыққанда – қосалқының қажеті не, босқа майды шығындап, бағана өзіміз ғой өшірген, – деді көмекші.

Тұла бойы жеңілдеп қалған Ескен бірнеше сағат жүрегін ұшырып, жарты жасын құртқан «жәшіктің нендей» қызмет атқаратынын астына үңілсе, өткізгіштері қырқылып, істен шыққан дүние болып шықты. Ашуланып, бір тепті әлгіні.

Таң атып, межелі стансадан түсіп қалды. Басынан кешпеген адамның күлкісін келтірген тынымсыз түнді өткізген Ескен бала стансадан кеңшар орталығына баратын жүк мәшиненің үстінде кетіп бара жатты.



## ШӘЛТІК ҚАРА

Жыл басы наурыз келісімен, не болмаса, күннің қызуы қайтатын күз болысымен Маңғыстау шопырлары әбігерлене бастайды. Жыл басында шаруашылықтар малдарын Үстіртке үдере айдаса, күз түсе қара жаңбыр мен қара суыққа ұшырамас үшін жылы ойға құлау басталды. Бұл мезгілде шопан ауылдарын көшіру мақсатында мәшіндерін майлап-сайлайтын шопырлар гараж меңгерушілерінің жұмсауымен алыс сапарларға аттанады. Ауыздарының салымы барлары «аузын ашса жүрегі көрінетін» ақпа-төкпе ауылға тап болады. Өз азығын өзінен аяп, аштан өлуге бар қытымыр ауылға кез болып, үйлеріне «мойны ырғайдай» болып қайтатындары да бар...

Әлкен деген жас шопырға жас шамасы өзімен қатарлас бір шопанның аулын жайлауға көшіру тапсырылды. Бет-ауыз, аяқ-қолды жаратын «ұзын сарының» ұзақ күні. Бұлар әуелі жүк тиеместен бұрын шай-суларын ішіп алмақ болды. Уақыт былай да, түске таяп қалған-ды. Қой аузынан шөп алмайтын жуас енесі мен етегіне сүрініп, қойшы үйінің бар



тауқыметін көтеріп жүрген келін, оқу жасына жетіңкіремеген шәлтік қара бала болып төртеуі үнсіз шай ішіп отырған. Кензесі кеуіп, шөлдеген, сүт қатқан күрең шайды аузына енді ала берген Әлкеннің қорлықты әлгі шәлтек қарадан көргені. «Апталап жол үстінде жүргенде күтімі болмас» деп шашын жүрерінде Мақан шалға ұстарамен алдырып тастаған. Әлкен басындағы кепкісін шешкен кезде шәлтік қараның көзі бірден мұның жылтыр басына қадалды..




Ешкімнен қағу көрмеген ерке неменің мұны адам екен-ау демей, қауынның піскен-піспегенін тексеріп жүргенге ұқсап, жалтыр басын шертіп келіп қалғаны. Мұндайды күтпеген Әлкен ыстық шайға шашалып, жартысын үстіне төгіп алды. Бұл шертпек бірнеше мәрте қайталанды. Өзінің балалары болса, құдайдың қос кіндігінен түссе де, ұшындырып жіберер еді. Өттең, кісі баласы. Шешесі шәйнегін еселеуге тысқа кеткенде шәлтік қара кезекті «атақаға» дайындалып, бұған қарай тағы беттеп келе жатты. Әдіс ойлаған Әлкен бет-әлпетін орасан бір қорқынышты түрге ендіріп, көзін қылитып, тілін салақтатып, әлдебір мақұлық сықылданды да, әжептарқы дыбыс шығарды. Әлгінде ғана жүзі жарқын жүргізушіден мұны күтпеген шәлтік қара кілт тоқтап, қорқыныштан үні шықпай тұрды да, бақырып келіп жіберді. Нанның қабығын шайға жібітіп, қажалап отырған кемпір жалт қарады. Баласының тосын даусынан «Әлдене болып қалды ма?» дегендей, етегіне сүріне келін де жетті ентігіп. Қатты қорыққан бала үні шықпай, саусағын шошайтып, Әлкенді көрсетті. Әлкен дым білмегендей, шыны-аяғын төңкерді де, келінге қарап: «Балаңыз адам жатырқайды екен», – деді. Шәлтік қара енді мұның маңына жуымайды. Баласының жүргізушіні аяқ астынан жатырқай қалғанына келін де сенбеген. Бар пәленің Әлкеннен келгенін сезіп, сазарып, үндеген жоқ. Бұл да сыр бермеген.





Шопан үйін жаз жайлауына қондырып, Әлкен қара жолмен шаңдатып бара жатты. Үй ішін есіне алды. Өздерімен-өздері шүйіркелесіп ойнап жүретін момын екі баласын ойлады. «Шәлтік қараны бекер ренжіттім-ау, жолым түсіп, тағы келсем аздаған сый-сияпат жасап, айыбымды жуармын-ау», – деп және ойлады.



## АДАСҚАНДА

Таужанның нағашы атасы ақкөңіл адам. Онысынан көрген пайдасы да бар, зияны да жоқ емес. Біреулер оның осы дарқан пейілін бақай есеппен өз кәделеріне жаратып жатса, енді бірі кезі келгенде бірнеше есе етіп қарымтасын кайырып жатады. Өзінің қорасы қисайып құлағалы тұрса да біреудің тірлігіне келгенде бәрін ұмытып, ынтышынтымен, жанын сала кіріседі. Содан болар мұның өзіне шаруасының тап-тұйнақтай болып түгелденген күні жоқ. «Ұрының әйелі өзіне лайық» деген кемпірі де бір момын, анда-санда шалына ашуланғанда бүлкілдеп сөйлегені болмаса, сөзін сатып алатын, көп артық ауыз әңгімесі жоқ жан. Екеуін құдай біліп қосқан, бірақ үйдің барлық шаруасы кемпірінің мойнында. Шалы біраз жыл колхозда, кейін совхозда шопыр болды. Анау бір жылы ауылға электр желісі тартылып, совхоз директоры мұны көлігімен сол тоқ мекемесінің жұмысшыларына қосып, екі-үш айға жалға берді. Қолда бар бес-он жандығына жем-шөбін алып, бір күн де болса совхоз жұмысынан қол үзгілері

келмеген ауыл шопырлары мына пайдасыз бос сандалбай жұмыстан ат-тонын ала қашқанда, бұл қуана келіскен. Осы ауылға басшы болып келгелі барлық ауыл адамдарына сыр мінез болған директор, мұның көп қамшы салдырмасын әуелден біледі. Өз мәшінінің моторы кетіп қараң қалып жатырса да, өзгенің көлігінің тесілген кәмірін желімдеп жататын, қайда жұмсаса да жұмысты ауыр-жеңіл деп алалап сұрамайтын жүргізушіге үнемі директордың іші жылып, содан болар оған көзқарасы да өзгеше. Бар жұмысын тамамдап, ауылды самаладай етіп жоғарғы кернеулі тоқ көзіне қосқан күннің ертесіне мекеме бастығы директірге «Япырым-ай мына бір шопырың мың болғыр екен, біздің кейбір жайбасарлардың онына татыды, бұл кісіні көлігімен сіздің ауылға біздің бөлімшенің тоқ қараушысы етсек кайтеді, дайын тұрған маман менде де жоқ, сенде де жоқ» деп қолқа салған. Өмір бойы нанын ақ адал еңбегімен тауып, қысы-жазы шаруадан қолын бір үзбеген жаны сірі, еңбекқор жігіт ағасын қолдан шығарып алғысы келмей тұрса да «Жарайды, болсын!» деп бір-ақ кескен, Деуін десе де «Қажет болып жатырса ел ішінде, шақырып алармын» деген пендешілік ойын директор ішінде бүгіп қалған. Шаруашылықтың баса-бас аты жоқ жұмысынан мойны босап, қайда барам десе де көлігі астында, ауылда директордан кейінгі қызметті соққан осы болды. Қайсыбір іші тар шопырлар «Қап» деп бармағын тістеді. «Аққа-құдай жак», оған қоса «Ақкөңілдің аты арымас, тоны



тозбас» деген тағы бар, қайда жүрсе де қайырымдылығының арқасында абыройсыз болған жоқ. Оған да біраз жылдың жүзі болды, балаларын жеткізіп, үбірлі-шүбірлі, бірнеше немерелі болды. Міне, енді алпысты алқымдап, шоқша сақал қойып, той-садақаларда сексеннің сеңгіріне шыққандардан азғана төмендеу отыратын дәрежеге жетті. Бірақ, сол баяғы қанына сіңген әдеті қалмады. Ертеңгісін малын өргізіп тастап, ауыл адамдары жиналып ананы-мынаны айтысып тұратын совхоз конторының алдына елден бұрын жетеді. Қолын артына қайырып, ауылды көзбен шолып тұрғанда ауыл адамдарының бірі келіп қолқа салады, «Көптен бері қалап жатырған қорамның бел ағашын салысып жібер». «Мәшинемнің дөңгелектері тозып тұр еді, соны ауыстырып тастасақ қалай болады?» – деп кейбіреулердің қолқа салып жатырғанын жиі естисің. Анау қолымнан келеді-ау, не келмейді-ау деп жұмыстың түрін безбендеп жатырған бұл жоқ, «жұмыс берушінің» соңында бара жатады. Кейінгі жылдары, баяғы көкірекпен әлдекімдердің жұмысын өлгенін білмей жанын сала жасап, ертеңіне төсегінен тұра алмай қалған кездері де болып жүр, Өзіне-өзі тілеп алған аурудан тұра алмай жатқан мұның көңілін сұрай томырықтау үлкен ұлы келеді. «Балаға ұқсап осы салпақтауды қойсайшы, бір күні біреудің қорасында өліп қаларсың» деп дүңк еткізеді. Тек баласына емес, мұны мүсіркей келген ағайынға айтар жауабы біреу-ақ. «Өлген соң даласы не,



қорасы не бәрібір емес пе?». Жүріп, қозғалып іс істеп қалған адам жатушы ма еді, бірлі-жарым күн әлін жинап алып, аты жоқ қызметке қайта кіріседі. Бұдан бірер күн бұрын қысқы демалысқа көрші ауылға тұрмысқа шыққан үлкен қызының бірі жетіншіде, кішісі біріншіде оқитын екі жиені іркесіп-тіркесіп нағашыларына қыдырып келген. Бір-жар күн сыйланып, сыйлары біткен соң оны-мұны, қора-қопсыға жұмсап, шал меп кемпірдің арқалары бір босап қалды. Бала болса да алған тәрбиеден бе (үлкен қызы мұғалім еді) өз немерелеріне қарағанда жиендерінің асып бара жатырған шолжаңдығы жоқ, жасағандары тып-тиянақты. Өз үйінен жырақта жүргендіктен бе, әлде бауырмалдығы ма, ағалы-інілі екеуі қайда жүрсе де



бірінен-бірі қалмайды. Сөз саптасы ересектер сықылды оп-орнықты, үлкені қашан көрсең де інісіне ерінбей-жалықпай әлденелерді тәптіштеп үйретіп жатқаны. Бір күні ертеңгісін, қырсық шалғанда, он шақты түтін бірігіп азғана жандықтарын бағатын қой кезектің кезегі келген тұста, белінің құяңы ұстап шалдың шойырылып қалғаны. Малға барар күні тақап қалса да құрдасы Төлеміс шалдың көңілін қимай трактордың қорабы толы көмірін түсіріскен. Бұрын ондайы жоқ еді, неде болса ыссылы-суықтан болған болуы керек. Жиендерін аяп қойға жібергісі келмей қанша тырысқанымен белі тұрғызбады. Бір жағынан кемпірі тілін тығып жерлеп жатыр «Бар, ана Атанбайдың тауық қорасы құлап қалыпты, соны қалап таста бәрібір қарап босқа жатырсың, өзіңе де сол керек» Кемпірінің үндемей жүріп тірілей соятын тілі бар. Шалдың қарсыласарға дәрмені жоқ, болған күнде де орайын тауып жауап қайтарар әңгіме айтуға да ыңғайы шамалы. Басы қисайып төсегінің үстінде отырған күйі «Әй, алысқа ұзамаң, көп кешке калмаң, қойларыңды тауға шығармаң, қыстың күніне сенбең» дейді ыңқылдай сөйлеп. «Түске таяу белім көтертіп тақыл болсам, арттарыңнан барармын», – деді жастыққа басын ақырын қойып жатып. Таужанның атасына жаны ашып кетті. «Таужанның өзі барса қайтеді, мынау былай шыға бере шаршап ере алмай мұсалдат болар» деп кемпір кіші жиенін қойға жібергісі келмеген. Ауылда қалған күнде де анаған бір,



мынаған бір жұмсап, кемпірдің тыным таптырмасын білген Таужан, інісі Болатжанды өзімен бірге ерте кеткенді жөн көрді. Кемпірдің бұлардың дорбасына салып жатырған жылы-жұмсақ дәмді көзі шалған Болатжанның да ауылда қалғысы келмеді. Бас-аяғы үш жүзден асып жығылатын әр түтіннің азғана жандығын алдарына салып, бұлар ауылдан шыққанда күн жаңа ғана көтеріліп қалған шақ еді. Бетке шым-шым батар таңертеңгіліктің аязы бар. Біраз қимылдап жүрген соң екі бала



сергіп, бойлары жылына бастады. Бытырай жайылған қой-ешкі, қураған сораңның сары садағын, кепкен адыраспанның бұтағын сатырлатып оттай, жылжып келеді. Ағалы-інілі екеуі асықпай, олай-бұлай шашау шыққан тоқты, шыбыштарды тас лақтыра қайырмалап келеді, арасында Болатжан ананы-мынаны мылжындап сұрап қояды. Таужан ерінбесе жауабын беріп, ерінсе жүре тындап ысқырып кете барады. Әлден уақытта іші пысып кеткен кішісі айқайлап әр әннің бас-аяғын шатып-бұтып әндете бастады. Қапелімде тосын шыққан дыбыстан шошынып қалған ешкілер шошаң етіп үркіп барып сабасына түсті. Шынашақтай болып шырылдап келе жатырған Болатжанға бастарын көтеріп марғау көз салған қойлар «Әй, мынау екен ғой» дегендей қайтадан жайылуға кірісті. Күн арқан бойы көтерілгенде бұлар ауылдан ұзап, тау жағалай өскен қалың жыңғылды жынысқа жақындады. Таужан өткен жазда нағашы атасы екеуі сиыр қарап, бұл маңайларды талай шарлаған. Анау көрінген «Жемсен сайы», одан былайырақ «Қажыр-Бажыр», мына терең аңғарлы сай «Арықбайдың сайы». Әр шоқының, әр төбенің атаулары бар. Таулы беткейге жапырыла жайылған малдары бірте-бірте өрлеп, биік қыратқа тырмысып жоғарылап барады. Тау-тас көрсе көздері жайнап шұнаңдап кететін ешкі-лақ екі баланың «шік-шігін» елейтін түрлері жоқ. Жаяудың аты жаяу, бес-алты шақырымды артқа тастаған соң бұлардың аяқтары талып, дамылдап отырулары жиілей бастады. Малдарының алды





таудың ең биігіне шығып болғанда «Атам бізге қойды тауға шығармаң деген, енді қайтеміз» деді інісі шарасыздана. «Анау қыраттан ассақ таудың үстіңгі беті жазықтық, жүре берсек ауылдың дәл желкесінен түсеміз, оған дейін күн де кешкіреді» деп жұбатты Таужан інісін. Көзге аласа көрінгенімен, малдарының артын жинай Қаратаудың жотасына көтерілгенде мезгілдің түс ауып кеткенін байқамай қалды бұлар. Шаршаса да сыр бермей томпаңдап еріп келе жатырған інісіне жаны аши көз тастап «Қап, тауға бекер-ақ шыққан екенмін, мынаның аяғы ауыратын болды-ау» деп ойлады ішінен. Біріншіде оқитын Болатжанның өмірдегі алғашқы биігі еді бұл шыққан. Кішкене танауы шуылдап, еңтігін әлі баспаған ол «Мына таудың арғы жағында да ауылдар бар ма?» – деді келесі қыратты нұсқап. «Әрине бар», – деді ағасы. Қаратаудан да асқақ басқа да биік таулар барын Болатжан білген емес, қазір ол өзін төрткүл дүниенің төбесінен қарап тұрғандай сезінді. Алақандағыдай көрінген кең жазира сары даланы таңырқай көзбен шолып тұр. Әжесі салған азықтарын жүре қажап, шағын отардың алдын ауылға беттеткенде, жел ақырындап теңізге ауып, аспанды сұрғылт бұлттар торлай бастады. Атасы жел күнбатысқа ауса «Теңізге ауды» деуші еді. атасының сол айтқаны Таужанның көкейінде қалып қойған. Таудың ауа райының қас қағымда өзгеріп құбыла қалғаны екі баланы мазасыздандыра бастады. Бұлар малдарының артын жинақтап



болғанша кенет манағы сұр бұлттар жерге түскендей жота-жотаны бүркей келіп, әп-сәтте қалың тұман басты да кетті. Таужанның жүрегі жиі-жиі соғып, тұла бойын қорқыныш билей бастады, бірақ онысын кішкентай Болатжанға сездірмеді. Таудың күнгей бетінде өскен, әлі бойында жаны бар жусанның түбіріне тап болып, қомағайлана нәр көрмегендей тырмыса жайылған қойларды қуа-қуа екеуі әбден титықтап діңкелері құрыды. Ашуланып төзімі таусылған Таужан қолындағы қамшысымен қойларды сабалай бастады. Әншейін мал жасқайтын қамшы деген аты болмаса кетеуі кетіп қалған жаман шыбыртқымен қанша шықпыртқанымен, онысының қойларға шыбын шаққандай әсері болмады, әр жерден бір үзіп асықпай қозғала жайылып келеді. Ызадан Таужанның көзінен жасы ыршып кетті. Ағасының жылағанын байқап қалған Болатжан оған жәутең-жәутең қарап, жуасып қалыпты. Өзінің медеу тұтар тірегі ағасының жылағанын көріп, ол да шығар жолы жоқ тығырыққа тіреліп, Қаратаудың биігінде тек екеуі қалғандай сезініп өксіп-өксіп жіберді. Жайшылықта үлкендігін жасап інісінің бетіне жел болып тимеген Таужан оның кішкене саусақтарын қыса жетектеп келеді. Сәл айырылса одан көз жазып қалатындай. Тасбақа жүріспен жылжып өнімсіз қозғалып келеді. Тұман онан әрі қоюлана түспесе шамалы уақытта ашылар түрі жоқ, таяқ тастам жерді бағдарлау мүмкін болмай қалды. Әр тұстан ешкілердің мазасызданып қылғына бақылдағаны,



абдырап сасып құты қашқан екі баланың онан әрмен үрейін ұшырды. Қыстың біртұтам қысқа күні батуға таяп, енді тұманға ымырт қараңғысы қосылып бұлар шынымен адасты. Інісі қорқыныштан арылып жүрегін байыз тапсын деді ме Таужан «Осыдан жел тұрса тұман ашылады», – деді дауысы қорқыныш араласа жарықшақтана шығып. Бағанадан бері



ағасының да дауысын естімей, қорқыныштан өзі де үнсіз қалған Болатжан әлсіз ғана «Қашан?» – деді. Таужанның естиярлығы есіне түсті ме, өзіне-өзі тоқтау салып, жасанды көңілді кейіпке еніп белгісіз бір әуенді ысқыра бастады. Ысқыра жүріп інісін бауырына қысып «Қазір ашылады», – деді. Қалың тұманнан, әрі қараңғылықтан түк көрінбесе де қойлардың тұқай тысырынан байқап, отардан көз жазып қалмағандарына көңілі бірленген Таужан кенет өздерінің ылдифа қарай ойысып құлап келе жатырғандығын сезді. Мүмкін ауылдың тура алдындағы «Ботасай» болар, – деді інісіне. «Ботасай» дегенде Болатжанның құлағы елең ете қалды. Нағашы атасының жарлас көршісі Нәдірбайдың баласы Бейбіт екеуінің талай ойнаған, жаңбыр жауса сарқырап қарғын ағатын сай екенін Болатжан жақсы біледі. «Онда, кішкенедең соң ауылға барамыз ба?» – деп ағасына күмәні мен қуаныш аралас пішінмен қарады. «Сөйтеміз», – деді ағасы. Бұлардың қуанышы көп ұзаққа бармады, сай тереңдей бастады, әлден уақытта бұлақ суының сылдырап аққан дыбысын құлақтары шалды. Қаратауда бұлақсыз сай некен-саяк, бірақ бұлар үміт еткен «Ботасай» бұлақсыз және мынадай терең емес еді. Қайда бағыт алып, қай сайдың тұйығына тірелгенін білмей дал болған екеуінің шарасы таусылды. Алғашқыдай емес тұман сейілгенімен, күн батып қою қараңғылық әлдеқашан түскен. Мүмкін ауыл адамдары іздеп шықса біреу болмаса біреу естір деген оймен



Таужан айқайлап көріп еді, тау жаңғырығып айнала азан-қазан болды. Жаңғырықтан қорқып кеткен Болатжан «Айқайламашы», – деді дауысы жыламсырай шығып. «Қой жылама, тау ғой жаңғырығып жатырған», – деп жұбатты інісін. Қараңғылықтан ба, әлде сайдың тұйығына тірелді ме, малдары иіріліп тұрып алды. Қанша дегенмен тірлік иелері ғой, қой- ешкілер де бұларға үлкен ес болып, қорқыныштары сейіліп, жүректері байыз тауып, көңілдері сабасына түсті. Жылы бұлақтың суынан су ішіп, құрғап қалған тамақтарын жібітіп азғана дамылдады. Көп ұзаған жоқ тыныштықты Болатжан бұзды «Ауылды таба алмасақ осы жерге ұйықтаймыз ба?» – деді. Оның бұл сауалынан не де болса басқа салғанға мойынсұнып, інісінің, ауылды іздеуден торығып, қалжырап шаршағанын шамалады. Шаршамай қайтсін, біресе төмен түсіп, біресе жоғары өрлегенде, тау сілемдері бала түгілі үлкендердің өзін тәубасына келтіріп мұқалтып тастайды. Оқу жасына әзер ілігіп, жуырда ғана жеті жасқа шыққан інісінің табандылығы мен төзіміне Таужан қайран қалды. Көз жасын бұлау қылып, шешесі күнде ертеңгілік мектебіне арқалап апаратын Асубайдың кенжесі Кенжебай секілді біреу болса мұның таудағы қазіргі күнінің құдай білсін, не болатынын. Есіне жағырапиядан беретін Шолпан апайдың «Балалар, айдалада қалып адасқандарыңды сезсеңдер жүрісті тоқтатып, сол тоқтаған жерлерінде аялдау керек, байбалам салмай сабыр сақтау – ең бастысы, әйтпесе адам босқа



шаршап жүйкесі жұқарып, түрлі жағдайларға ұрынуы мүмкін дейтін. Апайының сол айтқаны есіне түскен ол «Күн жылы, босқа шаршап неге керек, атамдар бізді таңертен тауып алады, тез ұйықтасақ таң тез атады», – деді інісіне. «Ия», – деді інісі. Ауылда жүргенде ағасына риза болып оны құптағанда осылай келте жауап беруші еді. Тау аңғары тып-тымық, аспан ашылып жұлдыздар көрініп жан-жақ айқын көрінбегенмен төңіректі болжауға болатындай болды. Құраған қара ағаштың бұтақтарын отап әкеліп, екеуі бірталай отын жинады. Қараңғыда қолдарымен сипалай жүріп, шөпшек жинап, оны тамызық қылып, от жақты. Алаулап жанған оттың сәулесі қойлардың көздеріне шағылысқанда бүткіл бір түнгі қала көшіп келе жатқандай болды. Қапелімде екі бала сасып қалды. Мәшиненің жарығына түскенде аңдардың көздері жанып тұрады дегенді Таужан ауылдың шопырларынан талай естіген. «Өй, біздің қойлар екен ғой» деп шошына айтса да, қорыққанын інісіне білдіргісі келмей бүркемелеп дірілдеген дауыспен «әдемі болып көрінеді екен», – деді. Оттың қызуынан бойлары жылынып маужырай бастады. «Әжемдер бізді іздеп жүр ме екен?» – деді Болатжан. «Тек қана әжем болса бір сәрі ғой, ауыл түгел дүрлігіп жатырған болар» деп ойлады ішінен Таужан. Азғана тыныштықтан соң інісі «Біз қойдан айырылған жоқпыз ғой ә, бізге атамдар ұрыспайтын шығар» деп өзі сұрап, өзі жауап беріп бір қойды. Тағы да бас-аяғы жоқ бірнеше сұрақты



беріп жатып, әлден уақытта пысылдап ұйықтап кетті. Інісін тоңазып қалар деген оймен ту сыртынан құшақтап жатқан күйі бұл да қалай ұйқы құшағына кеткенін сезбеді. Түсінде түс көріпті. Бұл биік шыңның етегінде тұр екен дейді. Сонау шыңның ұшар басынан әлдекім мұны айқайлап шақырып тұр. Бұл да айқайлайды, бірақ дыбысы шықпайды. Бір кезде зер салып қараса әлгі адам атасы болып шықты. Қуанышы қойнына сыймаған Таужан «Ата!» деп айқайлағанда өзінің дауысынан өзі шошып оялды. Қапелімде қайда жатқандарын білмей басын көтеріп, ұйқылы көзбен қарағанда, тұйық сайдың басынан топырлай құлап келе жатырған бір топ ауыл адамдарын көрді. Бәрінің алдында, бауы байланбаған құлақшынының құлақшалары жалпылдап атасы келеді.



*Қазақтың балалар  
әдебиетіне теңізге  
тамған тамшыдай  
болатын осы  
жинақтың жарық  
көруіне демеушілік  
жасаған Ұлбосын  
АХМЕТОВА ханымға,  
Бердіғали ІЗДІБАЕВ,  
Бекмұрат  
Қыдырбайұлына  
шексіз алғысымды  
білдіремін!*



## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	3
Бір ауыз сөз .....	5
Бүркіттің ұясы .....	15
Жағырапия .....	32
Жақсылық пен жамандық .....	36
Желқайық .....	43
Қара күшік .....	66
“Мылжың” .....	76
Собалақ .....	82
Ұйқысыз түн .....	89
Шәлтік қара .....	92
Адасқанда .....	96

Ерекен ҚОРАБАЕВ

ҚАРА КҮШІК

*Балаларға арналған әңгімелер*

**“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасы**  
**Президенті – Жарылқасын ДӘУЛЕТ**

*Редакторы – Ж.Жүнісбекұлы*  
*Корректоры – Раушан Өскенқызы*  
*Компьютерде терген – Жазира Аштеннова*  
*Дизайнер – Гүлнұр Алтаева*  
*Тех. редакторы – Әлия Жүнісбекқызы*

ISBN 978-601-205-051-6



Теруге 09. 09. 2008 ж. жіберілді. Басуға 06. 10. 2008 ж. қол қойылды. Қалпы 84 x108 1/16. Қағазы офсет N1. Қаріп түрі “KazTimes”. Офсеттік басылыс. Баспа табағы 7. Таралымы 1000 дана.

Тапсырыс N 40

“Нұрлы Әлем” баспасының өз баспаханасында басылды.  
481333, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Алмалыбақ  
ауылы, Ерлепесов көшесі 1 ұй.

**“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасының телефоны:**

*Алматы 8-(727) 276 30 10*

*Шымкент 8-(7252) 50 06 27*





### **Ерекен ҚОРАБАЕВ**

1956 жылы 16 тамызда Маңғыстау түбегінің, Каспийдің терістік жағалауындағы Ащымұрын ауылында дүниеге келген. Балалық, жастық шағын өткізген қонысы, әншілер мен жыршы-жыраулардың мекені - Шайыр ауылы. Негізгі мамандығы - байланысшы. Ұзақ жылдар бойы Маңғыстау облыстық радио және телевизия хабарларын тарату орталығында, "Қазақстан-Ақтау" телеарнасында инженерлік қызметте болған. 2005 жылы "Бабамұра" баспасынан "Маңғыстау әзілдері" атты кітабы жарық көрген. Балалар өміріне арналған бірнеше әңгімелері республикалық "Ұлан", "Алтын орда" газеттерінде жарияланды. Қазір Ақтау қалалық "Лада" газетінің балалар редакциясында қызмет жасайды.



Тел.: 8 (3272) 76 30 10